№04 (289).
19 ақпан,
2026 жыл

Газет 2010 жылғы 5 мамырдан бастап
«Әділет. БАҚ-Media», «Әділет. Ұлттық апталық»,
«Әділет. Рухани жаңғыру» атауларымен жарыққа шығып келеді.

Әділет. Рухани жаңғыру

Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық газет

adilet-gazeti.kz adilet-gazeti.kz @adilet.media Әділет МедиА zhangyru@mail.ru

Әділдікке құл болып
Кең толғанып, көп ойлап,
Ақылыңмен билік ет,
Түсініп, сезін тармағын.

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ,
Кеңес одағының батыры,
Халық қаһарманы, жазушы





“БҰЛ – ЕЛ ТАҒДЫРЫНА ТІКЕЛЕЙ ӘСЕР ЕТЕТІН АСА МАҢЫЗДЫ ШЕШІМ БОЛМАҚ”

Ақордада UAE SWAT Challenge-2026 халықаралық жарысынан жүлделі оралған командаларды салтанатты түрде марапаттау рәсімі өтті. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жеңімпаздарды шын жүректен құттықтап, олар нағыз қазақ жауынгері рухының қандай болатынын әлем жұртшылығына паш еткенін, Қазақстанның беделін биікке көтергенін атап өтті.

– Намысты қолдан бермей, байрақты бәсекеде топ жардыңыздар! Соның арқасында көк Туымыз желбіреді. Еліміздің мерейі үстем болды. Халқымыз сіздерді мақтан тұтады. Әлемнің 48 елінен 100-ден астам команда жиналған Дубайдағы дүбірлі дода – халықаралық маңызы бар оқиға. Бұл аса тартысты жарыс деп айтсақ, қате болмайды. Себебі барлық командалар бес күн бойы өте күрделі мақсаттарға қол жеткізу үшін көптеген тосқауылдарды еңсеруі қажет болды. Бірақ біздің жауынгерлер барын салды, әскери міндеттерді мінсіз орындап, ақыры ең жоғары деңгейдегі шеберліктерін көрсетті. Мұндай жарысқа әр мемлекет өзінің ең мықты сарбаздарын жібереді. Соған қарамастан ел үмітін ақтап, үздіктердің үздігі атану оңай емес екені анық. Бұл кездейсоқ жетістік емес. Әр жетістік – зор ерік-жігер мен қажырлы еңбектің жемісі. Әр жеңіс – мықты кәсіби дайындық пен асқан шеберліктің айқын көрінісі. Өздеріңіз білесіздер, былтыр осы беделді жарыста Қазақстан құрамасы екі күміс жүлдені еншіледі. Биыл да сол жеңіс жолын жалғастырып, зор сенім артқан ұлттық командамыз абыроймен оралды. «Қазақстан С» командасы теңдесі жоқ, яғни абсолютті чемпион атанды. Бұл – тамаша жетістік, бұл жеңіс осы турнирдің тарихында қалады. Жылдар зымырап өтеді, бірақ сіздердің балаларыңыз, осы қуанышты күндердің куәсі болған, сіздерді қолдаған, сіздерді мақтан тұтқан барлық адамдар бұл жеңісті әрдайым ерекше сезіммен еске алып, айтып отырады. Ал «Қазақстан А» командасы екінші орынға ие болды. Бұл да өте жақсы, бәрімізді қуантқан керемет нәтиже, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы қазір еліміз ауқымды өзгерістердің шешуші кезеңіне қадам басқанына назар аударып, 15 наурызда азаматтарымыз жалпыхалықтық референдумда Конституцияға қатысты өз таңдауын жасайтынын еске салды.

– Бұл – ел тағдырына тікелей әсер ететін аса маңызды шешім болмақ. Басты құжаттың жобасында егемендігімізді және мемлекеттігімізді нығайтатын мызғымас рухани және құқықтық құндылықтар бекітілді. Қазақстан Республикасының аумақтық, яғни жерінің тұтастығы, егемендігі, тәуелсіздігі, адам мен оның өмірі, барлық азаматтардың құқықтары және бостандықтары ең жоғары құндылықтар ретінде жарияланды. Жауапты әрі жасампаз отаншылдық ұғымы айқындалды. Әділетті Қазақстан идеясы, Заң және тәртіп қағидаты жаңа Конституция жобасында лайықты орнын тапты. Мұның бәрін іс жүзінде орнықтыру – баршаға ортақ перзенттік парыз. Түптеп келгенде, жаңа Ата Заңымыз еліміздің одан әрі дамуына және өркен жаюына жол ашуы керек. Ал күштік құрылымдар мен арнайы жасақтар ел тәуелсіздігі және халық тұтастығының тірегі болуға тиіс. Себебі алдымызда тұрған мақсат– біреу. Бұл – келер ұрпаққа қуатты әрі озық мемлекетті аманат ету. Бәріміз бір ел болып осы тарихи миссияны міндетті түрде іске асырамыз. Ел қорғау – ең абыройлы міндет. Нағыз отаншыл, адал азаматтар ғана осы жолды таңдайды. Сіздер келешекте де ұлт мүддесіне мінсіз қызмет ете бересіздер деп сенемін, – деді Президент.

Мемлекет басшысының Жарлығымен UAE SWAT Challenge-2026 халықаралық жарысынан жеңіспен оралған бір топ офицер мен әскери қызметкер Бауыржан Момышұлы атындағы II дәрежелі «Айбын» орденімен, «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен және Қазақстан Республикасы Президентінің Алғысымен марапатталды.

Akorda.kz

ӨМІРІ ӨЗГЕРГЕН ӨҢІР

халқы жаңа әкімнің іргелі істеріне дән риза

Бұл уақыт деген шіркін адамзатты таңдандырумен келе жатыр. Күні кеше сияқты еді...

Өткен жылғы 17 ақпанда Мемлекет басшысының Жарлығымен Берік Уәли Абай облысының әкімі болып тағайындалған еді. Ақпанның 17-ші жұлдызында сол бір жауапты қызметке кіріскеніне де бір жыл толып үлгеріпті.

Әлемдік уақыт үдерісімен алғанда бұл шағын ғана сәт деуге болады. Осынау азғантай уақыт үзігінде Абай облысында қыруар тірлік атқарылыпты. Жаңа шаруаға жанын бере кіріскен Берік бауырымыз өңірдің бойын тіктеп, экономикасының күрт дамуына ерекше ықпал етті. «Күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айрылып» дегендей, өзгеше ыстық ықылас-ынтамен, ырғын күш-қайратпен іргелі іске құлшына кірісіп кеткен.



Содан бері әлеуметтік-экономикалық салаларда атқарылған жұмыстардың ұшы-қиырына көз жеткізгісіз десек – артық айтқандық емес. Ол ең алдымен өңірге жаны ашитын, қиындықтарға қасқая қарсы тұратын азаматтарды, білікті, іскер мамандарды маңайына жинап, уақытпен санаспай жұмыс істеуді олардан да талап етті, өзін де аямады. Облысты көтерудің сан қилы жолдарын ойластырып, қалың жұртшылықтың ерекше ілтипатына бөленді. Бірде-бір әкім аяқ баспаған алыс аудандар мен ауылдарды аралап, халықтың мұң-мұқтажымен танысып, маңайындағы атқамінерлерге бірден тапсырма беріп қана қоймай, елдің еңсесін көтеру жолындағы жаңа жобалардың жүзеге асырылуын мұқият қадағалады.

Енді сөзіміз дәлелді болуы үшін бізге келіп түскен ресми нақты фактілер мен цифрларға көз жүгірте отырайық. Айталық, 2025 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша Абай облысының жалпы өңірлік өнімі 101,5 пайызды құрап, 2 трлн. 385,8 млрд. теңгеге жетті. Былтыр өңір экономикасының 12 негізгі көрсеткішінің 10-ында өсім қамтамасыз етілді. Ауыл шаруашылығы 101,1, өңдеу өнеркәсібі 102,9, ішкі сауда 103,5, тұрғын үйді пайдалануға беру 105,8, байланыс 106, құрылыс 106,2, инвестициялар 106,8, көлік саласы 125,9 пайызға орындалды. Өткен жылы мемлекеттік бюджетке Абай облысынан 648,7 млрд. теңге салық түсті, бұл – 2024 жылмен салыстырғанда 135,5 пайызға артық. Меншікті кірістердің өсу қарқыны бойынша облыс республикада екінші орында тұр.

4-бетте »

2026 ЖЫЛҒЫ РАМАЗАН АЙЫ БАСТАЛДЫ



2026 жылғы Рамазан айы бүгін, 19 ақпанда басталды. Биыл Қадір түні наурыздың 16-нан 17-іне қарағанын түнге сәйкес келеді. Ораза айт наурыздың 20-сында басталып, үш күнге созылады. Ал Құрбан айт 27-29 мамыр аралығында өтеді.

2026 ЖЫЛҒЫ РАМАЗАН: ҚМДБ БЕКІТКЕН КӨРСЕТКІШТЕР

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының мәліметінше, 2026 жылға келесі көрсеткіштер бекітілді:

Пітір садақасы – жан басына 735 теңге. Бұл сома 2 кг ұнның орташа құны негізінде есептелген. Ораза айт намазына дейін отбасының әрбір мүшесі үшін төленеді.

Підия – өткізіп алған әрбір ораза күні үшін 4000 теңге. Бұл денсаулық жағдайына байланысты ораза ұстай алмайтын жандар үшін берілетін өтемақы.

Зекет нисабы (алтынмен есептегенде) – 6,8 млн теңге. Бұл жинақталған қаражаттың ең төменгі шегі. Егер сіздің бос қаражатыңыз жыл бойы осы сомадан асса, зекет төлеу парыз болады.

Зекет мөлшері – нисаптан асатын жинақ сомасының 2,5%-ы.

ЗЕКЕТ ТӨЛЕУГЕ МІНДЕТТІСІЗ БЕ?

Өзіңізге мына үш сұрақты қойып көріңіз:

Жинаған ақшам 6,8 млн теңгеден асты ма?

Бұл сома жыл бойы сақталды ма?

Бұл қарыздар мен міндетті шығындардан тыс, бос тұрған қаражат па?

Егер жауабыңыз «иә» болса – зекет төлеу міндетті. Егер сома көрсетілген шектен аз болса – зекет төленбейді, бірақ әрбір мұсылман үшін пітір садақасын беру міндет болып қала береді.



ЕЛІ ҚҰРМЕТТЕГЕН ЕРМЕКБАЙ

6-бетте »

«АЙТАТЫН САҒАН СЫРЫМ БҰЛ...»

атты жыр дүлдүлі Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдығына арналған әдеби-сазды кеш көпшілікті бауырады

8-бетте »



adilet-gazeti.kz

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ТАПСЫРМАЛАРЫН ОРЫНДАУ – ӘР БАСШЫНЫҢ ЖЕКЕ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен мәжіліс өтті. Онда Мемлекет басшысының 10 ақпанда өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында берілген тапсырмаларын іске асыру жолдары талқыланды. Жиынға облыс әкімінің орынбасарлары, басқарма басшылары, аудан және қала әкімдері, аумақтық департамент жетекшілері қатысты.

Мәжілісте Мемлекет басшысы жүктеген 7 негізгі бағыт – инфляцияны төмендету, жаңа Салық кодексін тиімді енгізу, цифрлық технологияларды жан-жақты енгізу, жаңа инвестициялық кезеңді бастау, заманауи өнеркәсіптің негізін қалыптастыру, кәсіпкерлікті дамыту, көлік логистикасын жетілдіру және электр энергиясы тапшылығын азайту мәселелері жан-жақты талқыланды.

– Мемлекет басшысының тапсырмаларын жүйелі әрі нәтижелі орындауға тиіспіз. Өңірге инвестиция тарту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізуді, барлық салаға цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіні енгізу жұмыстарын жандандыруды, энергетика тапшылығын жою мақсатында нақты жобаларды жүзеге асыруды, салық-бюджет саясатын реттеуді тапсырамын. Елді мекендерді қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету, агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін арттыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізу, әлеуметтік саладағы заңсыздықтарды реттеу бойынша шұғыл түрде кешенді шара қабылдау керек. Мемлекет басшысының тапсырмаларын мерзімінде орындау үшін арнайы іс-шара жоспарын әзірлеу қажет. Инвестиция тарту, жұмыс орындарын көбейту, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу – негізгі басымдықтарымыз болып қала береді, – деді облыс әкімі Нұралхан Көшеров.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз салалары аясында Түркістан облысы әкімінің бірінші орынбасары Зұлпыхар Жолдасов, облыс әкімінің орынбасары Қанат Қайыпбек, облыс әкімі аппаратының басшысы Еркебұлан Дауылбаев, Түркістан облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Берік Қайпов баяндама жасады. Олар Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау бойынша өңірде атқарылып жатқан жұмыстарды баяндап, алдағы кезеңге арналған нақты жоспарларды ұсынды.

Инфляцияны төмендету бағытында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру, жаңа өндірістер ашу, жұмыс орындарын құру және ішкі нарықты отандық өніммен қамтамасыз ету шаралары пысықталды. Бағаны негізсіз өсіруге жол бермеу, тұрақтандыру қорларының тиімді жұмысын қамтамасыз ету, өндірісті ұлғайту тетіктері қаралды.

Жаңа Салық кодексін енгізу мәселесінде фискалдық саясаттың тиімділігін арттыру, бюджетті ретке келтіру және салықтық әкімшілендіруді цифрландыру міндеттері айқындалды. 2026 жылы жергілікті бюджетке 225 млрд теңге түсім түсіру жоспарланып отыр. Бұл көрсеткішке экономикалық белсенділікті арттыру және кәсіпкерлерге қолайлы орта қалыптастыру арқылы қол жеткізу көзделген. Салық органдары мен бизнес арасында серіктестік қағидатын нығайту қажеттігі атап өтілді.

Цифрлық мемлекет құру бағытында барлық салаларды цифрландыру, жасанды интеллект элементтерін енгізу және ақпараттық жүйелердің өзара ықпалдастығын қамтамасыз ету мәселелері көтерілді. Әсіресе білім беру мен денсаулық сақтау салаларындағы ақпараттық жүйелерді интеграциялау, бюджет қаражатының тиімді жұмсалуын қамтамасыз ету, ашықтықты күшейту бойынша нақты тапсырмалар берілді.

Инвестициялық саясат аясында 2025 жылдың қорытындысымен негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 1,7 трлн теңгені құрап, жоспар 121,6 пайызға орындалған. Ал 2026-2029 жылдарға жалпы құны 2,8 трлн теңгені құрайтын 111 инвестициялық жобаның пулы қалыптастырылған. Инвестиция тарту аудан және қала әкімдерінің негізгі көрсеткіштерінің бірі болып қала беретіні ескертілді.

Өнеркәсіп саласында 2025 жылы өндірілген өнім көлемі 1 596 млрд теңгеге жетіп, 13,8 пайыз өсім көрсеткен. Өңдеу өнеркәсібінің үлесі 47,5 пайызды құрайды. Импортты алмастыратын және терең өңдеуге бағытталған жобаларды іске асыруға басымдық берілмек. Аграрлық әлеуетті тиімді пайдалану, агроөнеркәсіп кешенін дамыту, ветеринарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері де назарда болды.

Өңірде 215 мыңға жуық шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істейді. Кәсіпкерлікті дамыту, мемлекеттік қолдау шараларын кеңейту және цифрлық құралдарды енгізу арқылы бизнесті жүргізу шарттарын жеңілдету міндеттері белгіленді.

Көлік логистикасын дамыту бағытында халықаралық транзиттік дәліздердің әлеуетін тиімді пайдалану, сервистік және қойма инфрақұрылымын дамыту, «Дарбаза – Мақтаарал» теміржол желісін мерзімінде аяқтау тапсырылды. Сонымен қатар Түркістан әуежайын бәсекеге қабілетті халықаралық хабқа айналдыру бойынша кешенді жұмыстар жүргізу қажеттігі айтылды.

Энергетика саласында облыстың электр энергиясын тұтыну көлемі 445 МВт болса, оның 75 пайызы сыртқы көздерден жеткізіледі. Жалпы қуаты 2,4 ГВт болатын 6 ірі жобаны іске асыру жоспарланған. Энергетикалық тәуелсіздікті қамтамасыз ету – өңірдің тұрақты дамуының басты шарты ретінде белгіленді.

Мәжілісті қорытындылаған Нұралхан Көшеров Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау – әр басшының жеке жауапкершілігі екенін атап өтті. Жиын қорытындысымен барлық бағыт бойынша нақты тапсырмалар хаттамаға енгізіліп, арнайы іс-шара жоспарын әзірлеу тапсырылды.

ПРЕЗИДЕНТ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІН ОҢ БАҒАЛАДЫ

Үкіметтің кеңейтілген отырысында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы экономикалық аймақтардың әлеуетін толық пайдалану мәселесіне тағы да тоқталды. Инвестиция тарту жұмысын жаңа деңгейге көтеруді тапсырды. Сонымен бірге Түркістан облысы мен Астана қаласындағы осы бағыттағы жұмыстарды үлгі ретінде атап өтті.

«Мен Жолдауда арнайы экономикалық аймақтардың әлеуетін толық пайдалану қажеттігі туралы айттым. Арнайы экономикалық аймақтардың қазіргі жұмыс тәсілі мүлде жарамсыз деуге болады. Олар инвестиция тартатын алаң болуға тиіс. Жаңа нормалар, құралдар, сервистік шешімдер сол жерде сынақтан өтіп, одан әрі кең таралуы қажет. Арнайы экономикалық аймақтардың қазіргі инфрақұрылымын дамытуға үш жыл ішінде бір триллион теңге займ қаражатын жұмсау ұсынылып отыр. Алдымен олардың даму моделін қайта құру керек деп санаймын. Онсыз мұндай ауқымды инвестиция жүйедегі қордаланған мәселелерді шеше алмайды. Түптеп келгенде, егер нақты нәтижеге жетемін деген ниет болса, бұл мәселені Түркістан облысының бұрынғы әкімі Дархан Сатыбалды сияқты қолда бар қаржымен де шешуге болады. Астанада да жақсы тәжірибе бар. Үкімет үш айдың ішінде арнайы экономикалық аймақтарды дамытудың жаңа үлгісін бекітуі керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Түркістан облысында инвесторларға қолайлы жағдай жасау, дайын инфрақұрылым ұсыну және жобаларды толық сүйемелдеу жұмыстары жолға қойылған. Терең өңдеу саласын дамыту үшін салықтық және кедендік жеңілдіктер қарастырылған, 4397 гектарды құрайтын «Turan» арнайы экономикалық аймағы жұмыс істеп тұр. Сонымен бірге дайын инфрақұрылымы бар 21 индустриалды аймақ бар. Кәсіпкерлерге арналған шағын өнеркәсіптік парктерде өндірістік ғимараттарды жеңілдетілген шарттармен жалға алу немесе сатып алу мүмкіндігі қарастырылған. Одан бөлек, қазір облыстың барлық аудан-қалаларында шағын өнеркәсіптік парктер салынып жатыр. Жалпы 258 өндірістік ғимараттың құрылысы жүргізілуде. Оның 45-і пайдалануға беріліп, 32 жоба іске қосылды.

Президент инвестиция тарту, осы бағыттағы кедергілерді азайтып, жедел әрі сапалы жұмыс атқару маңызды екенін атап өтті. Бұл ретте Түркістан облысында қолайлы инвестициялық климат қалыптасып, отандық және шетелдік инвестицияларды тарту бойынша жүйелі жұмыстар атқарылып келеді. 2025 жылы негізгі өңірде капиталға салынған инвестиция көлемі 1 трлн 746 млрд теңгеге жетіп, жоспар 121,6% орындалды.

Шетелдік инвестиция бойынша да көрсеткіш жоғары: жоспарланған 475 млн доллардың орнына 1,4 млрд АҚШ доллары тартылды. 2025 жылы 340 млрд теңгеге 58 жоба іске қосылып, 8 340 жұмыс орны ашылды. Ал 2026-2029 жылдарға арналған 2,8 трлн теңгені құрайтын 111 жоба жоспарланған. Нәтижесінде 20 мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылмақ. Биылдың өзінде 444 млрд теңгеге 66 жобаны іске асырып, 7 мыңға жуық жаңа жұмыс орнын құру көзделіп отыр.

ИНВЕСТОРЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Түркістан облысы прокуратурасының бастамасымен инвесторлардың құқықтарын қорғау және инвестициялық жобаларды сүйемелдеу мәселелеріне арналған «Инвестициялық климат-дамудың басты құралы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Іс-шараға облыс әкімі Нұралхан Көшерев, облыс прокуроры Мұрат Тлеубердиев, облыстық мәслихат төрағасы Нұралы Әбішов, «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Төралқа Төрағасы Қанат Шарлапаев, облыстық соттың төрағасы Айдос Сұлтанов және құқық қорғау органдарының басшылары қатысты, сондай-ақ бейнебайланыс арқылы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының 3-Қызмет бастығының орынбасары Ризат Смағұлов, мемлекеттік органдардың өкілдері, инвесторлар, аудан прокурорлары мен әкімдері онлайн форматта қосылды.



Дөңгелек үстелде инвесторлардың құқықтарын қорғау саласындағы өзекті мәселелер, инвестициялық жобаларды іске асыру барысында туындайтын әкімшілік және құқықтық кедергілер, прокуратура мен мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылы талқыланды.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Үкіметтің кеңейтілген отырысында жаңа инвестициялық кезеңді бастау жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында біз экономиканы әртараптандыруға, азаматтардың табысын арттыруға, шағын және орта бизнесті дамыту арқылы жаңа жұмыс орындарын ашуға баса назар аударып отырмыз. Бүгінде Түркістан облысы инвестиция тарту бойынша еліміздің жетекші өңірлерінің бірі саналады. Инвесторлардың құқықтары мен қауіпсіздігі менің жеке бақылауымда. Әрбір инвестициялық жоба әкімдік тарапынан сүйемелденіп, инвесторларға «бір терезе» қағидаты негізінде жедел қызмет көрсетілуде. Нәтижесінде 2025 жылы өңір экономикасына 1,7 трлн теңге инвестиция тартылып, өсім 121,6 пайызды құрады. Оның ішінде 1,4 трлн теңге – жеке инвестициялар үлесінде. 2025 жылдың үшінші тоқсанының қорытындысы бойынша тікелей шетелдік инвестициялар көлемі 1,4 млрд АҚШ долларын құрап, жоспар үш есеге артық орындалды. Экономиканы әртараптандыру мақсатында өткен жылы 340 млрд теңгеге 58 инвестициялық жоба іске қосылып, 8 мыңнан астам жұмыс орны ашылды. 2026 жылы 444 млрд теңгеге 66 жобаны іске асыру арқылы 7 мыңға жуық жаңа жұмыс орнын ашу жоспарлануда. Біздің міндетіміз – қауіпсіз әрі ашық инвестициялық ортаны қалыптастыру. Түркістан облысының әкімдігі бизнес-қауымдастықпен ашық диалог орнатуға әрқашан дайын. Күні кеше Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев конституциялық реформа бойынша референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойды. Бұл еліміздің саяси дамуының жаңа кезеңіне өтетін тарихи сәт болмақ. Ел тағдырына қатысты маңызды шешімдерді халықтың тікелей дауыс беруіне ұсыну – демократияның шынайы әрі мызғымас қағидаты. Бұл реформа ел тарапынан ерекше қолдау тауып отыр, – деді өз сөзінде Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшерев.

Түркістан облысы инвестиция тарту бойынша республика көлемінде жетекші өңірлердің бірі болып отыр. 2025 жылдың қорытындысы бойынша облыс экономикасына тартылған инвестициялар көлемі 1 трлн 745 млрд теңгені құрады. Жылдық жоспар 1 трлн 427,1 млрд теңге болғанын ескерсек, көрсеткіш 121,6%-ға орындалды. 2026 жылға инвестиция тарту индикаторы 1 трлн 720 млрд теңге көлемінде бекітілген.

2025 жылдың III тоқсанының қорытындысымен тікелей шетелдік инвестициялар көлемі 1,4 млрд АҚШ долларын құрады. Осылайша, жылдық жоспар үш есеге жуық артық орындалды. 2026 жылға тікелей шетелдік инвестициялар тарту жоспары 499 млн АҚШ доллары көлемінде бекітілген.

2025 жылы жалпы құны 339 млрд теңгені құрайтын 58 инвестициялық жоба іске асырылып, 8 340 тұрақты жұмыс орны құрылды. 2026 жылы жалпы сомасы 444 млрд теңгеге 66 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланып отыр.

Инвесторлардың өзекті мәселелерін жедел шешу мақсатында облыс әкімінің төрағалығымен тұрақты түрде инвестициялық штаб отырыстары өткізіледі. Онда облыс әкімі әр инвестормен жеке тілдесіп, жобалардың қазіргі жағдайын және туындаған өзекті мәселелерін тыңдайды. Инвесторлардың құқықтары мен қауіпсіздігі облыс әкімінің жеке бақылауында.

Облыс әкімдігі мен құқық қорғау органдары инвесторлардың өзекті мәселелерін жедел шешу мақсатында тұрақты инвестициялық штаб отырыстарын өткізеді, жеке кездесулер ұйымдастырады, мемлекеттік қолдау шараларын түсіндіреді және жобалардың іске асырылуын толық сүйемелдейді. Сонымен қатар «Инвест-Керуен» көшпелі кеңестері және шетелдік жұмыс күшін тарту бойынша семинарлар өткізілуде. Фронт-офис инвесторларға аналитикалық, консультациялық, көші-қон және әкімшілік қолдау көрсетеді.

Инвестициялық саясат Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес жүзеге асырылып, заң үстемдігі мен инвесторлардың құқықтарын қорғау арқылы өңірдің тұрақты экономикалық өсімін қамтамасыз етуге бағытталған.

Инвесторлардың құқықтарын қорғау мақсатында прокуратура органдары «прокурорлық сүзгі» тетігін жүйелі түрде қолдануда.

Өткен жылы аталған тетік арқылы 41 заңсыз әкімшілік істі келісуден бас тартылып, 12 инвесторға қатысты негізсіз тексерулер тоқтатылды.

Соңғы екі жылда мемлекеттік органдардың 300-ге жуық шешімі зерделеніп, нәтижесінде 62 әкімшілік істі қозғаудан және 21 тексеруді тағайындаудан бас тартылды.

Сонымен қатар 2024 жылдан бері прокуратура бастамасымен мемлекеттік органдармен бірлесіп өткізілген «Инвест-Караван» акциялары аясында 60 көшпелі іс-шара ұйымдастырылып, 150 инвестормен тікелей сұхбат жүргізілді, 42 инвесткейстің мәселесі шешімін тапты.

Іс-шара қорытындысы бойынша инвесторларды қолдау қағидатын сақтай отырып, инвестициялық жобаларды уақтылы іске асыруды қамтамасыз ету және инвестициялық ахуалды жақсарту бағытындағы жұмыс жалғасатыны атап өтілді.

ОТАНДЫҚ БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ ЖҰМЫСТАРЫ КҮШЕЙТІЛМЕК

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Төралқа Төрағасы Қанат Шарлапаевпен кездесті. Кездесуде өңірдегі кәсіпкерлікті дамыту, инвестициялық жобаларды қолдау және институционалдық ортаны жетілдіру мәселелері жан-жақты талқыланды.

Облыс әкімі өңірдің инвестициялық әлеуетіне тоқталып, қолайлы іскерлік орта қалыптастыру бағытында бірлесе жұмыс істеуге шақырды.

– Өңірде 215 мың шағын және орта бизнес субъектісі жұмыс жасауда. Бұл көрсеткіш бойынша республикада көшбасшылардың біріміз. Кәсіпкерлік саласы өңірдегі жұмыспен қамту мен әлеуметтік тұрақтылықтың негізгі факторы. Бүгінгі таңда біздің алдымызда экономикадағы шағын және орта бизнес үлесін ұлғайту, қайта өңдеу өнеркәсібін, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту және инвестиция тарту бойынша нақты міндеттер тұр. Өңірде кәсіпкерлік субъектілерді қолдау мақсатында индустриялық және арнайы экономикалық аймақтарды инфрақұрылыммен қамтамасыз ету жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Біз кәсіпкерлердің қаржысын және уақытын үнемдеу мақсатында шағын өндірістік парктер жобасын қолға алдық. Кәсіпкерлер үшін дайын өндірістік ғимараттар жеңілдетілген шарттармен жалға алу немесе сатып алу арқылы ұсынылады. Түркістан облысында кәсіпкерлікті одан әрі дамыту мақсатында «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасымен жүйелі өзара іс-қимылымызды күшейтуіміз қажет. Алдағы уақытта отандық бизнесті қолдау, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және қолайлы іскерлік ортаны қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды бірлесіп атқаратынымызға сенемін, – деді Нұралхан Көшеров.

Кездесу барысында Қанат Шарлапаев Түркістан облысының экономикалық әлеуетін ерекше атап өтіп, өңір бизнесін қолдау мүмкіндіктеріне тоқталды.

– Өңірлерге алғашқы сапарымды Түркістан облысынан бастағаныма қуаныштымын. Бұл – демографиялық әлеуеті жоғары, аграрлық секторы мықты, кәсіпкерлік белсенділігі өсіп келе жатқан аймақ. Елдің экономикалық өсімінің негізгі нүктелерінің біріне айналуға барлық мүмкіндігі бар өңір. Палата нормативтік-құқықтық актілерді жетілдіруге белсенді қатысып, рәсімдерді жеңілдету және өңірлік бизнестің мүддесін қорғау бағытында жұмыс жүргізуде. Ережелер өндіріс пен өңдеуді қиындатпай, керісінше ынталандыруы тиіс. Егер қандай да бір норма дамуға кедергі келтірсе, оны өзгерту қажет. Палата бұл бағытта белсенді серіктес бола алады, – деген Қанат Шарлапаев Палата проблемаларды тіркеумен ғана шектелмей, оларды жүйелі шешуге көшкенін айтты.

Жер мәселесі, инфрақұрылым, инженерлік желілерге қосылу, рұқсат рәсімдері, тексерулер мен қаржыландыруға қолжетімділік – кәсіпкерлер жиі кездесетін кедергілер. Жиында осы бағытта жобаларды бірлесіп сүйемелдеудің нақты әрі түсінікті механизмін қалыптастыру ұсынылды. Сонымен қатар Палата цифрлық шешімдерді енгізуді және еңбек өнімділігін арттыруды ынталандыруға дайын екені айтылды.

Кездесуде шағын, орта және ірі бизнеске арналған нақты құралдар да таныстырылды. Шағын бизнес үшін өңірлерде жеңілдетілген қаржыландыру құралы іске қосылған. Мөлшерлеме – 13,2%, қаржыландыру көлемі – 200 млн. теңгеге дейін. Жалпы республика бойынша бұл бағытқа шамамен 400 млрд. теңге қарастырылған. Қаржы өндіріс пен өңдеу саласына бағытталуы тиіс. Бұл тетік Түркістан облысы үшін өзекті. Себебі өңірде агроөндеу, құрылыс материалдары өндірісі, тамақ және жеңіл өнеркәсіп қарқынды дамып келеді.

Кездесу соңында әкімдік пен бизнес арасындағы тұрақты әрі мазмұнды диалогтың маңыздылығы атап өтілді. Инвестициялық жобаларды бірлесіп мониторингтеу, инфрақұрылымдық шектеулерді талдау және жүйелі мәселелерді Үкімет деңгейіне жедел шығару бойынша ұсыныстар айтылды. Түркістан облысының әлеуетін толық іске асыру бағытындағы әріптестік алдағы уақытта да жалғасатын болады.

Айта кетейік, облыста 1 960 гектарды құрайтын 21 индустриалды аймақ болса, оның 12-сі соңғы екі жылда құрылды. Сондай-ақ, арнайы экономикалық аймақта 2 жаңа өнеркәсіптік қосалқы аймағы құрылды. Қазіргі уақытта индустриялық және экономикалық аймақтарда құны 445,4 млрд теңге болатын 126 инвестициялық жоба іске асырылуда. Іске асырылуы 2026-2029 жылдарға жоспарланған 2,8 трлн теңгені құрайтын 111 инвестициялық жобалардың пулы қалыптастырылды. Аудан, қалаларда 25 өндірістік парк құрылуда. Бүгінгі таңда құрылысы аяқталған 45 өндірістік ғимаратта 32 жоба іске қосылды. Инвестициялық жобаларды іске асыру барысы мен өзекті мәселелері апта сайын инвестициялық штабта қаралады. Әкімдік тарапынан әрбір жоба бойынша қажеті сүйемелдеу жұмыстары атқарылуда.

Бет Түркістан облысы әкімі баспасөз қызметінің материалдары бойынша дайындалды

adilet-gazeti.kz

ШЕКАРАЛЫҚ ӨТКЕЛДЕРДІҢ МҮМКІНДІГІН АРТТЫРУ – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУҒА ТІКЕЛЕЙ ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОР

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың Бурабайда өткен төртінші отырысында Парламент Мәжілісіндегі «AMANAT» партиясының фракциясы «Шекаралық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеуге бастамашы болғанын айтқан болатын. Заң жобасын әзірлеу барысында Қазақстан Республикасының 14 облысы көршілес 5 мемлекетпен шектесетіні, шекаралық аймақтарда барлығы 65 аудан бар екені, онда 3,5 млн. адам тұратыны айқындалды. Ал шекарадан 50 шақырымдық аралықта 1,7 млн халық тұратын 1 283 елді мекен бар деп зерделеніп, осы ауылдарға тән өзекті мәселелерді оңтайлы шешудің құқықтық негіздері тізбектелді.

Заң жобасына сәйкес, Түркістан облысында 9 аудан шекаралық аймақ санатына жатқызылып, олардың күнделікті тұрмыс-тіршілігі аталған заң нормаларымен реттелетін болады. Парламент депутаттарының заң шығарушылық бастамасын, аталған аймақтардың тұрғындарына түсіндіру, заң жобасына ұсыныстар енгізу мәселелері бойынша «AMANAT» партиясының Түркістан облыстық филиалы Сарыағаш, Қазығұрт, Келес, Жетісай, Мақтаарал, Шардара, Сайрам, Төлеби, Түлкібас аудандарының атқарушы және өкілді билік тармақтарымен, қоғамдастық өкілдерімен және белсенді азаматтарымен кездесулер өткізіп, заң жобасына қатысты жергілікті тұрғындар білдіріп жатқан ұсыныстарды жинақтады. Бұл ұсыныстар партияның Орталық аппараты арқылы Парламент Мәжілісіндегі фракцияның қарауына жолданды.

Мемлекеттің шекаралық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, шекаралық аудандарда халықтың тұрақтауын ынталандыру, ішкі көші-қонды реттеу және еңбек ресурстарын тиімді пайдалану мәселелерін қамтитын арнайы заң жобасы қазір толықтырылды, оның мазмұны Қазақстан Республикасы Парламентінің Регламентіне сәйкес қаралатын болады.

Аумақтық тұтастықтың мызғымас шебі болып табылатын мемлекеттік шекарадағы бақылау-өткізу пункттерін жаңғырту және заман талабына сай дамыту – ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған маңызды міндеттердің бірі. Шекаралық аймақтардың тұрақты дамуы мен өркендеуі, осы өткізу-бақылау бекеттерінің орнықты жұмыс істеуіне байланысты және бұл бағыттағы жұмыстарды Түркістан облыстық мәслихатының депутаттық корпусы тұрақты бақылауда ұстап келеді.

Шекаралық өткелдердің техникалық дайындығын зерделеуде Түркістан облыстық мәслихатының уақытша депутаттық комиссиясы құрылды. Комиссия жұмысына «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы, облыстық мәслихаттағы фракция жетекшісі Алтынсары Үмбетәлиев қатысты. Комиссия құрамына енген мәслихат депутаттары шекарадағы бақылау-өткізу пункттерінің қазіргі жай-күйін зерделеп, сала мамандарымен инфрақұрылымдық байланыстарды жетілдіру мәселелерін қарастырды. Депутаттар шекаралық өткелдердің көлік-логистикалық мүмкіндіктерін арттыру, осы аумақтарды инженерлік желілермен, жолдармен, байланыс және цифрлық жүйелермен толық қамтамасыз ету – шекара маңындағы елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей әсер ететін фактор деп бағалады.

Уақытша депутаттық комиссияның мүшелері Сарыағаш ауданындағы «Қазығұрт», «Қапланбек», Келес ауданындағы «Б.Қонысбаев» кеден бекеттерін аралап көрді. Соның ішінде қайта жасақталып, заманауи талаптарға сай жабдықталған «Қазығұрт» кеден бекеті 2025 жылғы 12 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Мәди Төкешұлы Такиевтің және Түркістан облысының әкімі Нұралхан Оралбайұлы Көшеровтың қатысуымен ашылған болатын.

Кең ауқымды реконструкциядан өткен бекетте көлікті тіркеудің автоматтандырылған жүйесі, сканерлеу жабдықтары, салмақ габаритті жүйелер, сондай-ақ рентген-телевизиялық қондырғылар және радиациялық бақылау құралдары енгізілді. Қауіпсіздік пен жайлы қозғалысты арттыруда қозғалыс ағындары жаяу жүргіншілерге, жеңіл және жүк көліктері үшін бөлінді. Жүк көліктері үшін техникалық бақылаудан тоқтаусыз өтуге мүмкіндік беретін автоматтандырылған дәліздер қарастырылды. Кеден бекеті қазіргі заманға сай техникалық құралдармен және цифрлық сервистермен жабдықталып, өткізу қабілеті айтарлықтай артқан.

Бұған дейін кеден бекетінің тәулігіне екі бағытта 250 жүк көлігін өткізуге мүмкіндігі болса, бүгінде тәулігіне 1 000 жүк көлігін өткізу мүмкіндігін алған. Ал бекет аумағы 2,5 гектардан 4,8 гектарға дейін кеңейтіліп, өткізу пунктіндегі жүк көліктеріне арналған көлік жолақтары екі жолақтан алты жолаққа дейін артқан.

«Қапланбек» кеден бекетінде жолаушылар мен жеңіл көліктер шекаралық бақылаудан өтеді. Жүргізілген жаңғырту жұмыстарынан кейін, мұнда тәулігіне 50 мың адамға дейін жолаушы қабылдай алатын заманауи хаб қалыптасқан. Бұған дейін бұл бекеттің өткізу көрсеткіші тәулігіне небәрі 10 мың адам болатын. Бақылау-өткізу пунктіндегі барлық рәсімдер толық цифрлық форматқа көшіп, «Бір терезе» қағидасы енгізілген. Қазір жеке тұлғалар үшін шекарадан өту уақыты 5 минуттан, ал жеңіл көліктер үшін 10 минуттан аспайды.

Транзиттік бағыттағы маңызы зор «Б.Қонысбаев» кеден бекеті де ауқымды реконструкциядан өтіп, автомобиль жолақтарының саны 2- ден 6 жолаққа дейін ұлғайтылған. Бақылау-өткізу жұмыстары жеделдетіліп, шекаралық бақылаудан өткізілетін техникалық құралдар саны тәулігіне 1 мың көлікке дейін жеткен.

Шекара бекеттеріндегі жаңғырту жұмыстары бақылау-өткізу пункттерінің заманауи сервистік әрі логистикалық орталыққа айналуын көздейді. Кедендік және шекаралық рәсімдерді цифрландыру, өткізу қабілетін арттыру, жүк және жолаушылар ағынын реттеу мәселелері халықаралық сауда мен транзиттік әлеуетті күшейтуге серпін беретінін айтқан депутаттар, жаңғырту жобаларының белгіленген мерзімдерінде орындалуына, бюджет қаражатының мақсатты әрі тиімді жұмсалуына, қауіпсіздік талаптарының қатаң сақталуына және азаматтар мен кәсіпкерлерге қолайлы жағдай жасалуына баса мән берді.

Шекарадағы бақылау-өткізу пункттерін шекаралық аймақтармен байланыстыру өңірлік дамудың кешенді саясатын белгілейді. Осы орайда, жол, байланыс, инженерлік желілердің жаңаруы жергілікті халықтың тұрмыс сапасын жақсартып, шағын және орта бизнестің дамуына серпін береді деген ойдамыз. Осы мәселеге назар аударған облыстық мәслихат депутаттары, шекара маңындағы елді мекендерде жаңа жұмыс орындарын ашу, қызмет көрсету саласын дамыту, әлеуметтік инфрақұрылымды жетілдіру мәселелерін де көтерді.

Шекаралық аумақтар елдің шетінде орналасқан аймақтар болуымен қатар, мемлекеттің экономикалық және геосаяси мүддесі тоғысатын стратегиялық кеңістік ретінде қарастырылады. Бұл бағыттағы жұмыстардың сапалы әрі уақтылы орындалуы депутаттық корпустың тұрақты бақылауында қала береді.

Облыстық мәслихат депутаттарының уақытша комиссиясының жұмысы одан әрі Мақтаарал ауданында жалқасып, Атакент кенті мен Шаттық, Игілік, Әл-Фараби елді мекендерінде газ қуатын арттыру бойынша жаңа газ жүйелерінің құрылысын жүргізу, Атакент кенті мен Өркениет елді мекендеріндегі ауыз су жүйелерін қайта құру, аудандағы екі жалпы білім беретін мектептердегі күрделі жөндеу жұмыстары, жергілікті өндірістік кооперативті инфрақұрылыммен қамту мәселелері зерделенді.

Уақытша комиссияның шекаралық бекеттер мәселесі және Мақтаарал ауданы бойынша жасаған жұмыс қорытындысы Түркістан облыстық мәслихатының алдағы сессиясының күн тәртібіне шығарылады.

ЭКОНОМИКА САЛАСЫНА ЖОҒАРЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ СТАНДАРТТАРДЫ ЕНГІЗУ – БАСТЫ БАСЫМДЫҚТЫҢ БІРІ

«AMANAT» партиясы экологиялық жауапкершілікті күшейтіп, экономиканың барлық саласына жоғары экологиялық стандарттарды енгізуді басты басымдықтардың бірі ретінде айқындады. Партияның Сайлауалды бағдарламасын Түркістан облысында іске асыру жөніндегі Жол картасында табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, су көздерін сақтау және агроөнеркәсіптік кешенде ылғал үнемдеу технологияларын кеңінен енгізу маңызды міндет ретінде бекітілген. Оның орындалуын партия құрылымдары мен депутаттық корпус тұрақты бақылауда ұстап келеді.

Мемлекет басшысы су ресурстарын үнемдеу – бүкіл ел деңгейінде қалыптасуы тиіс жаңа мәдениет екенін айрықша атап өтті. Осы міндеттерді жүзеге асыру бағытында Түркістан облысында нақты әрі жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Бүгінде өңір су үнемдеу технологияларын енгізу бойынша республикада көшбасшы аймақтардың біріне айналды.

Экономикасы ауыл шаруашылығы саласына бейімделген Түркістан облысында су үнемдеу технологияларының қолжетімділігін арттыруда жалпы қуаттылығы 163 мың гектар алқапты қамтитын 4 кәсіпорын іске қосылды. Оның ішінде 90 мың гектарға арналған жаңбырлатып суару жүйелері өндірілсе, оған қосымша 73 мың гектарға арналған тамшылатып суару технологияларын шығару жолға қойылған. Сонымен қатар биыл жылдық қуаттылығы 30 мың гектарды құрайтын тағы 2 жаңа кәсіпорынды іске қосу жоспарланған. Бұл өндіріс орындары шығарған өнімдер облыс дихандарының сұраныстарымен қатар көршілес өңірлердің де қажеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Су ресурстарын тиімді пайдалану мәселесі облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің тікелей бақылауында. Берілген тапсырмалардың аясында ылғал сүйгіш дақылдарды өсіруде жаңа технологияларды енгізу ауқымы кеңейтілуде. 2026 жылға қарай мақта дақылын дәстүрлі әдіспен 82,8 мың гектарға, ал жаңа технологиямен 79,6 мың гектарға егу жоспарланып отыр.







Осы саладағы маңызды жаңалықтардың бірі – елімізде алғаш рет күріш дақылы пилоттық режимде тамшылатып суару технологиясымен егілді. Егер дәстүрлі тәсілде күріш өсіруде бір гектарға 26 мың текше метрге дейін су жұмсалса, жаңа технология арқылы бұл көрсеткіш 15 мың текше метрге дейін төмендеп, су шығыны екі есеге қысқарды.

Партияның Сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасында белгіленген индикаторлар мерзімінен бұрын орындалып келеді. Мәселен, 2025 жылы су үнемдеу технологияларын 27 мың гектарға енгізу жоспарланған болса, нақтысында 59 мың гектар алқап қамтылып, жоспар екі еседен астам орындалды.

Қазіргі таңда облыс бойынша 114 мың гектар жерге су үнемдеу технологиялары енгізіліп, нәтижесінде 195 млн текше метр су үнемделді. Ал жыл сайын қосымша 50 мың гектарға жаңа технология енгізу арқылы 2030 жылға қарай 364 мың гектар алқаптан 622,8 млн текше метр су үнемдеу көзделіп отыр.

Үнемді су жұмсау технологияларының тиімділігі мақта шаруашылығында да айқын байқалады. Өңірімізде 2025 жылы жаңа технологиямен егілген мақта алқаптары 52,2 мың гектарға дейін ұлғайып, дәстүрлі әдіспен егілген алқаптар 92,3 мың гектарға дейін қысқарды. Нәтижесінде өнімділік гектарына 60 центнерге жетіп, 89,3 млн текше метр су үнемделді.

Облыс басшылығы трансшекаралық өзендерге тәуелді оңтүстік өңірі үшін су үнемдеуді стратегиялық міндет деп қарастырады. Осыған байланысты, алдағы жылдары су үнемдеу технологиялары жыл сайын қосымша 50 мың гектарға енгізу жұмыстары жалғасады. Атап өтуіміз қажет, Түркістан облысы еліміздің агроөнеркәсіптік кешенінде маңызды орын алады. Республикадағы ауыл шаруашылығы өнімінің 13 пайызы біздің өңірге тиесілі. Жыл сайын облыста 1 триллион теңгеден астам өнім өндіріледі. Сонымен қатар еліміздегі суармалы жерлердің төрттен бірі, яғни, 575 мың гектар алқап Түркістан облысының үлесінде.

Ылғал үнемдеу технологияларын енгізу бағытында «AMANAT» партиясының Түркістан облыстық филиалы Сайлауалды бағдарламаны іске асыруды үйлестіру жұмыстарын жүйелі түрде жалғастырады. Жол картасында белгіленген көрсеткіштердің толық әрі сапалы орындалуы, су ресурстарын тиімді пайдалану және агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты дамуын қамтамасыз ету партия құрылымдары мен депутаттық корпустың тұрақты бақылауында болады.

«АУЫЛ АМАНАТЫ» – АУЫЛДЫ ҚОЛДАУДЫҢ ЖОБАСЫ

«AMANAT» партиясының «Ауыл аманаты» жобасы ауыл тұрғындарының табысын арттыруды көздейтін бірегей бастама екені белгілі. Мемлекет басшысының тапсырмасымен партия бастамасы мемлекеттік бағдарлама болып түзіліп, оның аясында 2,5% жылдық мөлшерлемемен 7 жылға дейін жеңілдетілген несие беру механизмі қалыптасты.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы Келес ауданында тұрақты түрде іске асырылып, ауыл шаруашылығының дамуына және тұрғындардың әлеуметтік жағдайының жақсаруына нақты ықпалын тигізіп отыр. Жоба ауыл тұрғындарының кәсіпкерлік белсенділігін арттыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және халықтың табысын көбейтуге бағытталып, өз нәтижесін беруде. 2023-2025 жылдар аралығында бағдарлама шеңберінде Келес ауданында 339 жоба қаржыландырылып, нәтижесінде 750 жаңа жұмыс орны ашылды.

Ауыл тұрғындары қолға алған жобалар негізінен мал шаруашылығы мен егіншілікті дамытуға, жылыжай шаруашылығын кеңейтуге, балық және құс өсіруді жолға қоюға бағытталды. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы кооперативтері қажетті техника және құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіліп, тұрғындардың жеке кәсібін бастауына мүмкіндік жасалды. Осы кезеңде аймақта бірнеше шағын өндіріс орындары да іске қосылды.

2025 жылы жүзеге асырылған бастамалар қатарында ауыл шаруашылығы техникаларын жаңарту, жүзім шаруашылығын дамыту, сондай-ақ тігін бағытында шағын өндіріс орындарын ашу жұмыстары бар. Бұл жобалар жергілікті тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамтып, аудан экономикасының дамуына оң әсерін тигізуде.

2026 жылға өңдеу саласына басымдық беріліп, кемінде төрт кооператив құру жоспарланып отыр. Осы мақсатта Абай ауылында сүт өндіру кооперативін, ал Бірлесу ауылдық округінде құлпынай өсіру кооперативін құру бойынша қажетті құжаттар тиісті мекемелерге жолданды.

Қазіргі кезде Бірлік ауылдық округінде өндірістік парк ашу үшін арнайы жер учаскесі белгіленді. Мұнда «Бір ауыл – бір өнім» қағидаты бойынша жем-шөп дайындайтын цех салу және мал бордақылау алаңдарын бірыңғай үлгіде орналастыру көзделуде. Ал Ақтөбе ауылдық округінде балық шаруашылығын дамыту жөнінде ұсыныстар беріліп, алдағы уақытта балық өнімдерін сататын шағын сауда нүктесін ашу жоспарлануда.

Бағдарлама аясында тұрғындарға кәсіп ашу мүмкіндіктерін түсіндіру бағытындағы ақпараттық-кеңес беру жұмыстары да жүйелі түрде жүргізілуде. Қазіргі таңда ауылдық округтер бойынша жобаға қатысуға ниетті азаматтардың тізімі жасақталып, Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығында бірқатар жобалардың құжаттарын әзірлеу жұмыстары атқарылуда.

«Ауыл аманаты» жобасының тиімді жүзеге асырылуы ауылдық аумақтардың экономикалық белсенділігін арттырып, халықтың табысын көбейтуге және өңірдің өндірістік әлеуетін нығайтуға мүмкіндік береді дейді сала мамандары, Ауыл тұрғындарының табысын арттыру бастамаларының жүзеге асуы «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының және жергілікті партия құрылымының тұрақты бақылауында болады.

БҰЛ БАСТАМА ХАЛЫҚТЫҢ ТҰРАҚТЫ ТАБЫСҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗУІНЕ ТІКЕЛЕЙ ЫҚПАЛ ЕТЕДІ

«AMANAT» партиясы Отырар аудандық филиалының ұйымдастыруымен Аққұм ауылдық округіндегі «Ақ-құм» бастауыш партия ұйымында фермерлер мен шаруа қожалықтарының құрылтайшыларына арналған маңызды кездесу болып өтті. Іс-шараға аудан әкімдігінің сала жетекшілері, ауылшаруашылығы, кәсіпкерлік бөлімдерінің жауапты өкілдері, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері, микроқаржы ұйымдарының басшылары, ауыл кәсіпкерлері мен белсенді тұрғындар қатысты.

Бұл басқосу Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан жүйелі реформалардың өңірлік деңгейде нақты түсіндіріліп, іске асырылуына бағытталды. Кездесу барысында ауыл шаруашылығын қолдау тетіктерімен қатар, еліміздің болашағын айқындайтын жаңа Конституция жобасының негізгі қағидаттары кеңінен сөз болды.

Жиында жаңа Конституцияның жобасы Әділетті Қазақстан тұжырымдамасының берік құқықтық тірегі екені айтылды. Онда азаматтардың еңбек етуге, кәсіпкерлікпен айналысуға, мемлекеттік қолдауға қол жеткізу құқықтары нақты әрі айқын бекітіліп отырғаны жеткізілді. Партия өкілдері Конституциялық реформаның басты мәні билік пен халық арасындағы өзара сенімді күшейту, өңірлердің, соның ішінде ауылдық аумақтардың экономикалық дербестігін арттыру екенін атап өтті.

Осы тұрғыда «Ауыл аманаты» бағдарламасы әлеуметтік әділеттілік пен тең мүмкіндіктер қағидаттарының орнығуына жәрдемші болатыны атап өтілді. Жиында партияның басты мақсаты мемлекеттік қолдау тетіктерін ауыл тұрғындарына нақты, түсінікті әрі қолжетімді форматта жеткізу, кәсіп бастауға ниетті азаматтарға жол ашу екені түсіндіріліп, «Ауыл аманаты» бағдарламасының мүмкіндіктері таныстырылды. Кездесу барысында ауыл кәсіпкерлігін дамыту мәселесі стратегиялық басымдық ретінде қарастырылатыны, ауылдың әлеуетін арттыру ел экономикасын нығайтудың, халықтың әл-ауқатын көтерудің ең тиімді жолы екеніне баса мән берілді.

Осы тұрғыда «Ауыл аманаты» бағдарламасы ауыл тұрғындарының табысын арттыруға, жұмыссыздықты азайтуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және өзін-өзі жұмыспен қамту деңгейін көтеруге бағытталған кешенді жоба ретінде ұсынылды. Кездесу барысында «Ауыл аманаты» бағдарламасының VI бағыты аясында Отырар ауданы аумағында жүзеге асырылатын кәсіпкерлік бастамаларға ерекше назар аударылды.

Бұл бағыт ауылда шағын және орта бизнесті дамытуға нақты мүмкіндіктер ашып бергені айтылды. Атап айтқанда, бағдарлама аясында қызмет көрсету саласына қатысты кәсіп түрлеріне – шаштараз, автожөндеу, тұрмыстық қызмет көрсету жобаларын төменгі пайызбен несиелеу мүмкіндіктері жөнінде мағлұмат берілді. Шағын өндірісті дамыту саласында тігін цехтары, наубайханалар, қолөнер бұйымдарын өндіру жобалары басымдыққа ие екені түсіндірілді. Туризм және демалыс қызметтері саласында агротуризм, экскурсиялық бағыттар, ұлттық тағамдар орталықтары, атпен серуендеу, балық аулау сынды жобаларға қаржы бөлу қарастырылып отырғаны туралы ақпарат берілді.

Кездесуге қатысқан микроқаржы ұйымдарының өкілдері қаржыландыру шарттарын жан-жақты түсіндіріп берді. «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша несие мөлшерлемесі 2,5 пайызды құрайтыны, несие мерзімі – 5 жылға дейін, қаржыландыру көлемі АШӨК-ке құрал-жабдық алу үшін – 34,6 млн теңгеге дейін, АШӨК мүшелеріне – 10,8 млн теңгеге дейін, басты артықшылық – алғашқы 1 жыл жеңілдік кезең ретінде қарастырылып, несие төлемеу мүмкіндігі бар екені жеткізілді. Бұл шарттар ауыл кәсіпкерлеріне бизнесін аяққа тұрғызуға, өндірісті жолға қоюға және тұрақты табыс көзін қалыптастыруға үлкен мүмкіндік береді.

Бағдарлама аясында ауданда алғашқы нақты нәтиже бар екені мысал ретінде таныстырылды. Атап айтқанда, жеке кәсіпкер Күләй Байбатшаева сублимациялық әдіспен кептірілген жемістерді қаптау өндірісіне қажетті құрал-жабдықтарды алу үшін «Ырыс» микроқаржы ұйымы арқылы 8 млн. теңге көлемінде қаржыландырылған. Бұл жоба ауылдағы азық-түлік өңдеу саласының дамуына серпін беріп отыр. Сонымен қатар, қазіргі таңда тағы 3 жоба бағдарламаға қатысуға ниет білдіріп, құжаттары жинақталу сатысында екені айтылды. Осы жобалардың қатарында пластик есіктерезелер өндірісі, макарон өнімдерін шығару, ағаш және темір бұйымдарын өңдеу бастамалары бар. Аталған жобалар жеңілдетілген 2,5 пайыздық мөлшерлемемен қаржыландырылуы жоспарлануда.

«AMANAT» партиясының Отырар аудандық филиалы бұл бағыттағы жұмысты тұрақты бақылауында ұстап отыр. Барлық ауылдық округ әкімдерінің қатысуымен түсіндіру жиындары өткізілген. Алдағы кезеңде әрбір ауылдық округ бойынша «Ауыл аманаты» бағдарламасының VI бағыты аясында кемінде 10 жобадан ұсыну міндеті қойылып отыр.

Партияның ауыл кәсіпкерлігін жүйелі түрде дамытуға деген нақты ұстанымы алдағы уақытта да жүйелі жалғасын табатын болады. Бұл бастама аудандағы әлеуметтік жағдайдың жақсаруына, жұмыссыздықтың азаюына және халықтың тұрақты табысқа қол жеткізуіне тікелей ықпал етеді деп білеміз.

Бет «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы баспасөз қызметінің материалдары бойынша дайындалды

ӨМІРІ ӨЗГЕРГЕН ӨҢІР
халқы жаңа әкімнің іргелі істеріне дән риза

(Соңы. Басы 1-бетте).

ИГІЛІКТІ ІС ИНВЕСТИЦИЯДАН ТАМЫР ТАРТАДЫ

Өңірде инвестиция тарту бағытында жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. Осының нәтижесінде 2025 жылы іске асырылған жобалар саны 29-дан 101-ге дейін артты. Жыл қорытындысында жалпы құны 24,1 млрд. теңге болатын 15 инвестициялық жоба іске қосылып, 391 жаңа жұмыс орны құрылды. Сонымен қатар құны 605,5 млрд. теңге болатын 48 жобадан тұратын өңірлік инвестициялық пул қалыптастырылды.

Былтыр облыс әкімі Берік Уәли өңірге инвестиция тарту үшін 100-ден астам шетелдік инвесторлармен кездесті. Халықаралық экономикалық ынтымақтастықты нығайту мақсатында «Үлкен Алтай» халықаралық субөңірлік конференциясы аясында Қытай Халық Республикасының ірі компанияларымен жалпы құны 1,5 миллиард АҚШ долларын құрайтын 15 меморандумға қол қойылды.

Индустриялық инфрақұрылымды дамыту бағытында да тиісті жұмыс жүргізілуде. Семей қаласындағы аумағы 96 гектарды құрайтын «Өндіріс» индустриялық аймағын 190 гектарға дейін кеңейтіп, шағын өнеркәсіп паркін құру жұмысы қолға алынып жатыр. Өңірге инвесторлардың қызығушылығы жоғары. Осыған орай Семей қаласының өнеркәсіптік аймағында арнайы экономикалық аймақ құру үшін 500 гектар жер бөлу жоспарлануда.

Аймақта жүзеге асырылып жатқан ірі инвестициялық жобалардың бірі – жалпы ұзындығы 295,7 шақырым болатын «Бақты-Аягөз» темір жол желісінің құрылысы. Бұл – өңірдің және тұтас еліміздің дамуына тың серпін беру үшін Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасымен басталған ауқымды жоба.

Былтыр маусым айында облыс әкімі Берік Уәлидің бастамасымен Семейде «Туған жерге туынды тік» инвестициялық форумы өтті. 500-ге жуық кәсіпкер жиналған маңызды шара аясында жалпы сомасы 336 млрд. теңгені құрайтын 15 меморандумға қол қойылды. Форумның алғашқы нақты нәтижесі – былтыр Семейде Жаңа жыл қарсаңында ашылған «Pana Unique Semey» бес жұлдызды қонақ үй-мейрамхана кешені. Жобаның жалпы құны – 5,7 млрд. теңге, 105 жаңа жұмыс орны құрылды. Мұндай қонақ үй қаламызда бұрынсоңды болған емес. 1890 жылы ағайынды Мусиндер салған тарихи ғимараттың архитектуралық сәулетін бұзбай қалпына келтіру – инвесторлардың үлкен жеңісі!

Форум аясындағы келісімдерге сәйкес іске асырылып жатқан ауқымды жобалардың бірі – заманауи ет комбинаты. Қазіргі уақытта Жаңасемей ауданында қуаттылығы жылына 11 400 тонна ет және ет өнімдерін терең өңдейтін өндірістік кешеннің құрылысы қарқынды жүргізілуде. Ағайынды Сайлау және Ерлан Мұқашевтер жетекшілік ететін «Eurasia Agro Semey» ЖШС жүзеге асырып жатқан жоба өңірдің ауыл шаруашылығы мен азық-түлік өнеркәсібін дамытуға тың серпін бермек. Жобаның жалпы құны – 7,7 млрд. теңге. Өндірістік кешенді биыл тамыз айында іске қосу жоспарланып отыр. Сондай-ақ, «Qazaq Astyq Group» компаниясы қазіргі уақытта Семейде күнбағыс майын тазарту, құю және қаптау цехын салып жатыр. Жоба құны – 7,1 млрд. теңге, 100-ден астам жаңа жұмыс орны құрылатын болады.

SMART CITY ЖОБАСЫ ЖӘНЕ «АБАЙҒА ҚҰРМЕТ» АКЦИЯСЫ

Семей қаласының тарихи орталығының инфрақұрылымы әбден ескірген. Осыны ескере отырып жаңа әкімшілік-іскерлік орталық салу мақсатында жаңа тұрғын аудан құру туралы шешім қабылданды. Техникалық-экономикалық есептеулер жаңа әкімшілік-іскерлік орталықты инфрақұрылыммен қамтамасыз ету қаладағы ескі желілерді жаңартудан әлдеқайда тиімді екенін көрсетті.

Қазіргі уақытта жаңа ауданның даму тұжырымдамасы әзірленіп, оның аясында қаланың бас жоспарын түзету және егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын әзірлеу жұмысы жүргізілуде. Аталған жоба Семей қаласының солтүстік бөлігінде, жалпы көлемі 1200 гектардан астам бос аумақта жүзеге асырылады. Мұнда 75 мың тұрғынға арналған заманауи тұрғын үй кешендері, 40-тан астам әкімшілік, коммерциялық және әлеуметтік нысандар салынады.

Абай облысында Мемлекет басшысының қолдауымен Абайдың 180 жылдығына орай «Абайға құрмет» республикалық акциясы басталғаны белгілі. Бүгінде облыс әкімдігі акция аясындағы жобаларды жүзеге асыру бойынша өңірлермен белсенді жұмыс жүргізуде. Акцияны алғашқылардың бірі болып Маңғыстау облысы қолдап, Достық үйінің құрылысын бастады. Түркістан облысы көрме орталығын, Қызылорда облысы «Анаға тағзым» ғимаратын, Атырау облысы «Абай әлемі» орталығын, Солтүстік Қазақстан облысы Мемлекеттік рәміздер алаңын, Ақтөбе облысы Жекпе-жек сарайын, Павлодар облысы үстел теннисі орталығын, Қарағанды облысы ботаникалық бақ, Батыс Қазақстан облысы желілік саябақ, Қостанай облысы руханият орталығын, Алматы қаласы медиаорталық, Астана қаласы «Келешек» мектебін салып берсе, Шығыс Қазақстан облысы Ертіс өзені жағалауын абаттандырады. Рәміздер алаңы Бейбітшілік аралында, Жекпе-жек сарайы қаланың сол жағалауында, Заря ықшамауданында бой көтереді. Шымкент қаласы шығармашылық орталығымен қатар Семей қаласының Водный кентіне Мәдениет үйін сыйға тартпақ. Осылайша «Абайға құрмет» акциясы аясында жаңа ықшам ауданның ғана емес, облыс орталығының әр аумағы абаттандырылып, жаңа кейіпке енеді.



Акцияны ірі инвесторлар да қолдап отырғанын ілтипатпен айта кеткен жөн. Атап айтсақ, «KAZ Minerals» компаниялар тобы жаңа ықшам ауданда 25 мың көрерменге арналған жаңа стадион құрылысын бастап кетті. Бұдан бөлек жеке қоғамдық қордың есебінен 5 мың адамға арналған жаңа мешіттің іргетасы қаланды. Осы бағыт бойынша басқа да ірі инвесторлармен, іргелі компаниялармен тиісті жұмыстар жүргізіліп жатыр.

ЖЫЛУ БОЛСА ЖЫМИЮ БОЛАДЫ

Халықты сапалы жылумен қамтамасыз ету мәселесі кезең-кезеңімен шешіліп келеді. Былтыр жылу маусымына дайындық барысында арнайы талдау жасалып, облыс аумағындағы әбден тозған жылу желілері жаңартылды. Бұл мақсатқа Үкімет резервінен және бюджеттен 11,8 млрд. теңге бөлінді.

Аталған қаражатқа 23 жылу көзі жөнделіп, 22 шақырым жылу желісі ауыстырылды. Нәтижесінде облыс бойынша жылу желілерінің тозу деңгейі 59,3%-дан 55,6%-ға дейін төмендеді, соның ішінде Семей қаласы бойынша бұл көрсеткіш 61,5%-дан 58,2%-ға азайды. Аягөз қаласындағы «Орталық» қазандығында әрқайсының қуаты 10 Гкал/сағат болатын үш қазандық орнатылды. Яғни, қуаттылығы үш есеге арттырылды. Аягөзді жылумен толық қамтамасыз етіп қана қоймай, 16,4 Гкал профицит пайда болып, қаланың дамуына мүмкіндік берілді.

АЙНАЛМА ЖОЛДЫҢ АЙРЫҚША АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

Семей – тоғыз жолдың торабында орналасқан, логистикалық мүмкіндігі мол шаһар. Облыс орталығы арқылы Ресей Федерациясын, Қазақстан Республикасын және Қытай Халық Республикасын байланыстыратын республикалық маңызы бар «Омбы-Майқапшағай» автомобиль жолы өтеді. Жаңа айналма жолдың салынуы облыстың логистикалық әлеуетін арттырып, Семейдің көлік жүктемесін азайтуға септігін тигізеді. Облыс орталығындағы аспалы көпір арқылы жылына 700 мыңға жуық көлік қатынайды. Бұл жобаны іске асыру Семей қаласын айналып өтетін транзиттік дәлізді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Аталған дәліз Ресей Федерациясы шекарасы (Омбы) – Майқапшағай бағыты бойынша республикалық маңызы бар автомобиль жолын және «Астана-Павлодар-Қалбатау-Өскемен» бағытындағы «Орталық-Шығыс» көлік дәлізін байланыстырады. Әлеуетті инвестор ретінде қытайлық компания (China Railway Asia-Europe Construction Investment) жобаға қатысуға дайын екенін білдірді. Облыс әкімдігі мен компания өкілдері арасындағы негіздемелік келісім аясында топографиялық түсірілім жұмысы жүргізілді. Айналма жолдың трассасы анықталып, ұзындығы 31 шақырымды құрайтын, 4 жолақты 1-інші техникалық санаттағы жол желісі бекітілді. Айналма жолды қаланың солтүстік-шығыс жағында салу жоспарланып отыр. Қазіргі уақытта техникалық-экономикалық негіздеме әзірленіп жатыр.

Жалпы, былтыр өңірдегі көпірлер мен жолдарды жөндеуге ерекше көңіл бөлінді. Семей қаласының символына айналған аспалы көпір мен автогуж көпірінің асфальт жабындысы толық ауыстырылды. Облыста жалпы ұзындығы 494 шақырым жол орташа жөндеуден өтті. Өткен жылы Семейдегі 52 көшеге, оның ішінде 36 көшеге алғаш рет асфальт төселді.

Қазіргі таңда Семей қаласында төрт жолақты жаңа көпір салынып жатыр. Жобадағы 9 тіректің 8-і салынды, соңғы №4 тіректің құрылысы жүруде. Бұдан бөлек аспалы көпірді толық күрделі жөндеу үшін жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп жатыр.

БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ БІРЕГЕЙ ІСТЕР

«Келешек мектептері» ұлттық жобасы шеңберінде былтыр облыста 4 заманауи мектеп ашылды. Бесқарағай ауданында 300 орындық, Аягөз ауданында 600 орындық, Семей қаласының Қарағайлы ықшам ауданында 1200 орындық, Водный кентінде 600 орын-дық мектептер пайдалануға берілді. Восточный кентінде осы бағдарламамен 300 орындық мектептің құрылысы аяқталды.

Ерекше атап өтерлігі, өңірдегі апатты жағдайда деп танылған мектептердің мәселесі де кезең-кезеңімен шешіліп келеді. Жарма ауданының Суықбұлақ ауылында 100 орындық жаңа мектептің құрылысы жүргізілуде. Ақсуат ауданындағы Екпін ауылында 300 орындық мектептің құрылысы басталады. Семейдегі №11 мектептің орнына жаңа мектеп салуға құжат әзірленіп жатыр. Бұдан бөлек Семей қаласындағы №4 және №30 мектептерде қосымша ғимараттар салынуда. Сонымен қатар 2026-2027 жылдары Семей қаласының Қарағайлы шағын ауданында мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында 1400 орындық БИНОМ мектебінің және дарынды балаларға арналған 400 орындық Білім инновация лицейінің құрылысы жоспарланған. Жобалық-сметалық құжаттамалары әзірленді.

ДЕНСАУЛЫҚ САЛАСЫНА ДЕН ҚОЮ

2025 жылы «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында облыста салынып, құрылысы созылып кеткен 65 медициналық-санитарлық алғашқы көмек нысандарының құрылысы аяқталып, тұрғындардың игілігіне берілді. Жыл басында, қаңтар айының соңында Семей қаласындағы облыстық жедел медициналық жәрдем станциясына 10 санитарлық автокөліктің кілті салтанатты түрде табысталды. Былтыр «Абай облысы медициналық ұйымдары үшін санитарлық автокөлік сатып алу» жобасы шеңберінде «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-мен бірлесіп, облыстық бюджет қаражаты есебінен лизингтік қаржыландыру арқылы Hyundai, JAC және «Газель» маркалы 100 санитарлық автокөліктер сатып алынды. Оның ішінде 67 автокөлік облыстық жедел медициналық жәрдем станциясына, 33 автокөлік аудандағы медициналық ұйымдарға беріледі. Жаңа көліктерді биылғы қыркүйек айына дейін табысталатын болады. Мұндай жаңа көліктер облысқа соңғы рет 2020 жылы алынған.

Өңірдің денсаулық сақтау саласының инфрақұрылымын дамыту мақсатында жүйелі жұмыс жүргізілуде. Өткен жылы шекара шебіндегі Мақаншы ауданының орталығы Мақаншы ауылында күндізгі стационары, зертханасы және әйелдер консультациясы бар дәрігерлік амбулатория ашылды. Жергілікті халыққа аса қажет нысан құрылысы 27 жылдан астам уақыт аяқталмай, «сақалды құрылысқа» айналған болатын. Жоба республикалық «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында жүзеге асырылды. Қазіргі уақытта үш қабатты ғимаратта 15 орындық күндізгі стационар, ауысымына 100 адам қабылдайтын дәрігерлік амбулатория, зертханалық диагностика, әйелдер консультациясы, хирургия, стоматология және гинекология кабинеттері жұмыс істеп тұр. Бұдан бөлек Аягөз ауданының көпсалалы орталық аудандық ауруханасының 10 төсектік реанимациялық бөлімшесінің қосымша құрылысы аяқталды. Осы медициналық мекемеде магниттік-резонанстық томографты орналастыру үшін қосымша ғимараттың және Үржар ауданының көпсалалы орталық аудандық ауруханасы базасында «Тері арқылы коронарлық араласу орталығы» ғимаратының қосымша құрылысы басталды. Семей қаласында Үкіметтің қолдауымен салынатын 300 орындық облыстық көпбейінді аурухана мен 200 орындық облыстық көпбейінді балалар ауруханасының жобалық сметалық құжаттамалары жасалып жатыр. Жалпы, 2025 жылы облыстың денсаулық сақтау саласының материалдық-техникалық базасын жаңғыртуға 6 жарым миллиард теңгеден астам қаржы бөлінді.

АДАМЗАТТЫҢ АБАЙЫНА – ЗОР ҚҰРМЕТ

Былтыр Мемлекет басшысының тапсырмасына сай Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы лайықты деңгейде атап өтілді. Тұңғыш рет 10 күндік ретінде өткен хакімнің мерейтойында түрлі мәдени-рухани, танымдық, интеллектуалдық іс-шаралар ұйымдастырылды. Кешенді жоспар аясында энциклопедиялық порталдың, Абайға қатысты бірқатар кітаптың тұсаукесері, ғылыми конференция, жастар арасында интеллектуалдық сайыс және Қарауылда ұлттық ойындар сынды халықаралық, республикалық, өңірлік деңгейде 100-ден астам шара атқарылды. Мерейтой аясында Абай ауданында да инфрақұрылымдық жұмыстар қолға алынды. «Семей-Қарауыл» және «Семей-Қайнар» бағытындағы жолдарда орташа жөндеу жүргізілді. Бөрілі ауылы мен Жидебайда байланыс сапасын жақсарту мақсатында антенналық діңгектер орнатылды. Осының арқасында Абай ауданы 100 пайыз интернетпен қамтылды.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ АЛЫМДЫ АДЫМДАР

Облыстың тағы бір ерекшелігі – ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығын дамытуға қолайлылығы. Өңірде аймақтың осы аграрлық әлеуетін тиімді пайдалану, агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, ауыл халқының табысын ұлғайту мақсатында бірқатар жүйелі шаралар қабылдануда. Ресми деректерге сәйкес ірі қара мал басы бойынша облыс елімізде 3 орында тұрса, қой мен ешкі саны жөнінен 7 орынды, ал жылқы басы бойынша 2 орынды иеленіп отыр. Бұл көрсеткіштер өңірде мал шаруашылығының жүйелі түрде дамып келе жатқанын және саланың экономикалық әлеуетінің жоғары екенін айқын көрсетеді.

Абай облысында кезінде қой шаруашылығы алдыңғы қатарда болды. Тарихи қалыптасқан қой шаруашылығының әлеуетін толық пайдалану мақсатында Абай облысының 2026-2030 жылдарға арналған салалық бағдарламасы әзірленіп жатыр. Бағдарлама «Игілік» бағдарламасы арқылы қаржыландырылатын болады. Қазіргі таңда 263 ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші 300 мың бас ұсақ мал сатып алуды жоспарлап отыр.

2025 жылы облыстың ауыл шаруашылығы саласына тартылған тікелей инвестициялар көлемі 45,2 пайызға өсіп, 63 млрд. теңгеге жетті. Өңірде агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мақсатында 2026-2028 жылдар аралығында жалпы құны 77,3 млрд. теңгені құрайтын 16 инвестициялық жоба іске асырылады. Аталған жобалар ішкі нарықты сапалы, табиғи әрі жергілікті өнімдермен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығы еңбеккерлеріне қашанда құрмет ерекше. Былтыр облыста ауыл шаруашылығы және қайта өңдеу өнеркәсібі қызметкерлерінің күні кең көлемде атап өтілді. «Алтын күз» салтанатты шарасы аясында өңірдің аграрлық саласында еңбек етіп жүрген үздік мамандарға алғаш рет 10 автокөліктің кілті берілді. Олар «Үздік шопан», «Үздік зоотехник», «Үздік механизатор», «Үздік комбайншы», «Үздік бақташы», «Үздік агроном», «Үздік диқаншы», «Үздік жас маман», «Үздік технолог», «Үздік тракторшы» сияқты номинациялар бойынша анықталды. Сондай-ақ, өткен жылы «Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасы аясында облыстық «Үлгілі ауыл» байқауы жарияланып, өңірдің 10 ауданы мен 10 ауылына салтанатты түрде JINMA 904A маркалы 20 жаңа трактордың кілтін табысталды. Ауыл тұрғындарын қолдау бағытындағы мұндай игі бастамалар жалғасын табатын болады.

«ҚАЛАДАН – АУЫЛҒА» ҚАНАТҚАҚТЫ ЖОБАСЫ

Бұл жобаның мақсаты – алтын бесік ауылды түлету, өңір тұрғындарының әл-ауқатын жақсарту. Бағдарлама аясында қаладан ауылға көшкісі келетін азаматтарға нақты көмек көрсетіледі. Жалпы, Үкімет тарапынан ауыл халқына бағытталған барлық бағдарламалардың басын қосып және Абай облысы әкімдігі тарапынан ауылға көшіп келем деушілерге көрсетілетін қолдауларды жинақталып, «Қаладан – ауылға» атты жаңа ПИЛОТТЫҚ жоба елдің назарына ұсынылады. Бұл пилоттық жоба арқылы ауылға қоныс аударушыларға бизнес жүргізуге, баспаналы болуға, мал алуға әртүрлі мемлекеттік бағдарламалар арқылы жеңілдетілген несие беріледі.

Бастаманы өңірдегі ауыл тұрғындары жақсы қабылдап, қолдап жатыр. Мәселен, Абай ауданындағы Медеу ауылының аза-маттары арнайы үндеу жариялап, қаладан ауылға келетін отбасыларды құшақ жая қарсы алуға дайын екенін мәлімдеді. Яғни, осы жоба арқылы келген отбасыларға қосымша ауыл тұрғындары атынан қомақты ынталандыру сыйлықтарын жариялап отыр. Мысалы: оқушысы бар әр отбасының басына баспана, 10 бас қой, 2 бас мүйізді ірі қара, 1 бас жылқы беріп, тұрақты жұмыспен қамтамасыз етеді. Көшіп келген отбасының ауыл округінде дүниеге келген баласына ат мінгізеді.

АУЫЛДЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ – ЕРЕКШЕ НАЗАРДА

Облыста ауылдық елді мекендердің инфрақұрылымын нығайту бағытында жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Былтыр Көкпекті ауданының Көкпекті ауылында жүзу бассейні, Бородулиха ауданының Петропавловка ауылында спорттық сауықтыру орталығы, Жаңасемей ауданының Алғабас ауылында спорт кешені, Мақаншы ауданының Қарабұлақ ауылында және Үржар ауданының Жанай ауылында спорт модулі ашылды. Қазіргі уақытта Курчатов қаласында дене шынықтыру-сауықтыру кешені, Аягөзде спорт кешені, Абай ауданының Саржал, Көкбай ауылдарында, Жарма ауданының Жаңғызтөбе ауылында, Бесқарағай ауданының Ерназар ауылында, Ақ-суат ауданының Ойшілік ауылында спорттық модульдердің, Шар қаласында, Бесқарағай ауданының Бесқарағай ауылында, Жарма ауданының Қалбатау ауылында жүзу бассейндері салынып жатыр. «Туған жерге туынды тік» жобасы аясында off-take келісім аясында Ақсуат ауданының Екпін ауылында спорт кешенінің құрылысы аяқталды. Былтыр Бородулиха ауданының Камышенко, Новопокровка ауылдарында 100 орындық ауылдық клуб жұмысын бастады, Шар қаласындағы Мәдениет үйі қайта жаңғыртылды. Бүгінде облыста бюджет қаражаты есебінен 35 әлеуметтік нысанның құрылысы жалғасуда. Сонымен қатар, off-take келісімдері аясында білім беру, спорт және мәдениет нысандары салынуда. Мәселен, Бесқарағай ауданының Беген, Глуховка және Ерназар ауылдарында, Мақаншы ауданының Көктөрек, Үржар ауданының Жоғары Егінсу ауылында, Ақсуат ауданының Көкжыра ауылында мәдениет үйлерінің құрылысы жүргізілуде.



ТУРИЗМ – ТҮЛЕУДІҢ ТҰТҚАСЫ

Облыста туристік инфрақұрылымды дамытуға бағытталған бірқатар жобаларды жүзеге асыру жоспарланып отыр. Президент тапсырмасына сәйкес былтыр Алакөл жағалауының инфрақұрылымын дамытуға 1 млрд. теңге бағытталды. 2018 жылдан бері жөндеу жүргізілмеген Арбат алаңы жаңғыртылды. Жаңа қоғамдық кеңістік салынды. Қабанбай ауылында құтқару станциясының құрылысы аяқталды. Биыл Алакөл демалыс аймағын дамыту үшін жергілікті бюджеттен 2,4 млрд. теңге қаражат бөлінді. Көл жағалауында абаттандыру, көшелерді жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Шомылу маусымына дейін жасанды интеллект технологиясын енгізе отырып, 117 заманауи бейнебақылау жүйесі, 6 антенна-діңгек құрылғысы орнатылып, мобильді интернет байланыс желісімен толық қамтылатын болады.

Былтыр күзде Алакөл жағалауының бас жоспарына өзгерістер енгізу жұмыстары басталды, биылғы қыркүйек айында аяқталады. Нәтижесінде аумағы 300 гектардан 3000 гектарға дейін жетеді. Туристік аймаққа күнделікті келушілер санын 20 мыңнан 75 мың адамға жеткізу көзделуде. Туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қабанбай ауылында өрт сөндіру депосының құрылысы жүргізілуде.

Жыл сайын көл жағалауы қысқарып, туризм нысандарына қауіп төндіруде. Осыған байланысты қауіпті 360 метр жағалау анықталып, өткен жылы күзде нығайту жұмыстары атқарылды. Соның арқасында 300 орындық 3 демалыс орнын су басу қаупі сейілді. Барлық жағалауды нығайтуға ағымдағы жылдың қаңтар айында жалпы құны 15,2 млрд. теңгеге жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленді.

Көл жағалауындағы өзекті мәселенің бірі – электр қуатының жетіспеуі және электр желілерінің тозуы. Бұл мәселені шешу үшін магистралды электр желісімен трансформаторлық қосалқы станция құрылысының жобалау сметалық құжаттамасы әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өтуде. Биылғы шомылу маусымына электр желілерінің және ішкі қосалқы станцияларды жөндеу және күтіп-ұстау үшін 275 млн теңге қаржы қарастырылуда. Туристік аймаққа қатты тұрмыстық қалдықтар полигонын салуға жобалау-сметалық құжаттама әзірленуде. Су, кәріздік желілер, блок-модульді тазарту құрылғысын салуға, жобалау-сметалық құжаттама әзірлеуге қаражат бөлінді.

2025 жылы облыстың туризм саласында 8,9 млрд. теңгеге 4 жоба іске қосылды. Бесқарағай ауданының Старая Крепость аумағында 1 млрд. теңгеге балық шаруашылығымен қатар қызмет көрсететін кешенді демалыс базасы жұмысын бастады. Жол бойындағы сервисті дамыту мақсатында өткен жылы «Семей-Павлодар» тас жолының бойында «Petro Retail» ЖШС жаңа Keruen Inn қонақ үйін ашты.

2029 жылға дейін облыста 87,4 млрд. теңгеге 48 жобаны іске асыру жоспарланған. Олардың ішінде ірі жобалардың бірі – Әзербайжан Республикасы инвесторларының қатысуымен «Алакөл» емдеу-сауықтыру кешенін салу. Бүгінге құрылыс орнын бекіту жұмыстары келісуде. Сонымен қатар, Шипалы көлінде балшықпен емдейтін санаторийді салу көзделіп отыр. Эскиздік жобасы әзірленді, сәуір айында құрылыс жұмыстарын бастайды. Қазіргі таңда Семей қаласында «Semey Mall» мәдени ойын-сауық сауда орталығының құрылысы жүргізілуде. Сондай-ақ, «Abay Hospitality Group» ЖШС және «Pana ComplexSemey» ЖШС Абай ауданының Жидебай аумағында этнокешенді, визит-орталығын, «Тары» кафесін салуды жоспарлауда. Осы бағыттағы жұмыстар жалғасатын болады.

ЦИФРЛАНДЫРУ, ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – ЕРЕКШЕ НАЗАРДА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 2026 жыл «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жарияланғаны белгілі. Осыған орай облыста цифрландыру және жасанды интеллект бағытында бірқатар жобалар әзірленді. Негізгі басымдықтар – мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру, инфрақұрылымды цифрландыру және облыс тұрғындарына көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту. «Смарт қала» бағыты бойынша жаңа жол картасы әзірленіп, 2026-2030 жылдар аралығында Семей қаласында 13 жоба, аудан орталықтарында 7 жоба іске асыруды жоспарлап отырмыз. Бұл жобалар қалаларды басқару, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, көлік, қауіпсіздік және экология салаларын цифрландыруға бағытталған. Абай облысының цифрлық трансформация картасы бекітіліп, 11 басым сала айқындалды. Үкіметтің тапсырмасына сәйкес Семейдегі Оқушылар сарайы базасында Tomorrow School және TUMO жобалары жүзеге асырылатын болады.

Былтыр облыстағы 13 ауылдық елді мекенде антенна-діңгек құрылымы орнатылып, мобильді байланысқа қосылды. Биыл жол картасы аясында Ақсуат, Аягөз, Жарма, Жаңасемей, Көкпекті аудандарының 10 ауылын интернет желісіне қосу жоспарланып отыр.

МӘДЕНИЕТКЕ ШЫНАЙЫ МӘН БЕРІЛГЕН ЖЫЛ

2025 жылы облыс әкімінің қолдауымен «Абай жолы» кітапханасы жобасы аясында Семей өңірінен шыққан ақын-жазушылардың, өнер адамдарының 19 автордың 25 кітабы (барлығы 12 500 дана) жарық көрді. Өңірдегі 8 мәдени нысанда ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді, 100 орындық 2 ауылдық клуб ашылды. Биыл бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын табады.

2026 жылға бұл бағытта нақты әрі жүйелі жоспарлар айқындалды. Мәдениет саласындағы инфрақұрылымды жаңғырту мәдениет мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайтып, шығармашылық ұжымдардың кәсіби деңгейін көтеру мақсатында «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен «Jana klub» жобасы аясында 30 ауылдық кітапхана жаңғыртылады. Олар тек кітап сақтау орны емес, цифрлық білім, жастар шығармашылығы мен оқырман мәдениетін дамытатын жаңа форматтағы орталықтарға айналады. Сонымен қатар «Абай жолы кітапханасы» жобасы арқылы жергілікті авторлардың еңбектерін басып шығару жалғасады.

Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асып жатқан «Абайға құрмет» акциясы аясында өңірде жаңа мәдени нысандар бой көтереді. Ұлттық құрылтайда Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Абай облысында жаңа театр салу жөнінде нақты тапсырма берген болатын. Бүгінде осы театрдың жобалау жұмыстары басталды – бұл Семейдің ғана емес, бүкіл елдің рухани өміріндегі маңызды қадам. Мәдениет қызметкерлерін қолдау үшін жыл сайын «Руханият» облыс әкімінің сыйлығы табыстала-ды. Ал өңірлік өнерді дамыту мақсатында «Абай елі – өнер кеніші» атты облыстық көркемөнерпаздар байқауы өткізіліп, үздік мәдениет үйлеріне автобус, музыкалық аппаратура сияқты қомақты сыйлықтар беріледі.

Бір жыл бедеріндегі қарышты қадамдар көңілге қуаныш ұялатады. Ал атқарылар істер мен биылға жоспарланған жобалар бұдан екі есе көп екенін ескерсек 2026-шы жыл Абай облысы үшін ерекше кезең болғалы тұр. Семейді көркейту, ауылдық жерлерде іргелі жобаларды қолға алу сияқты ауқымды жұмыстар биыл ерекше қарқынмен қолға алынатын көрінеді. Инвесторлар да өңірді көркейтуге зор үлес қоспақ. Ол енді жеке әңгіме жүгі...

Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН,
ҚР Бас редакторлар клубының бірінші вице-президенті,
Халықаралық Ақпараттандыру академиясының академигі

ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН ЗАҢГЕРЛЕРДІ ТАҢДАЙДЫ

Дұрыс таңдалған кәсіп – адамның ертеңгі өмірінің негізі. Әр адам мамандықты өз жүрек қалауына сай таңдауы тиіс. Себебі адамның келешегі оның таңдаған кәсібімен тығыз байланысты. Өз жұмысын сүйіп, оны үлкен жауапкершілікпен атқарған жан ғана өзін толыққанды бақытты сезіне алады. Кәсіп таңдау – аса маңызды әрі үлкен жауапкершілікті талап ететін қадам.



Солардың бірегейі – заңгерлік мамандық. Заңгер – қоғамдағы әділдік пен заң үстемдігін қамтамасыз ететін, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын маңызды тұлға. Бұл мамандық үлкен білімді, табандылықты, жауапкершілікті және адалдықты талап етеді. Заңгер болу – тек заң нормаларын білу ғана емес, оларды дұрыс қолдана алу, адамдарға көмек көрсету және әділ шешім қабылдай білу.

Қазіргі таңда қоғамның қарқынды дамуы, цифрлық технологиялардың енуі заңгер мамандығына жаңа талаптар қойып отыр. Электрондық құжат айналымы, онлайн сот жүйелері, дербес деректерді қорғау, киберқұқық сияқты бағыттар заңгердің қызмет аясын кеңейтті. Сондықтан болашақ заңгер тек құқықтық біліммен шектелмей, заманауи технологияларды да меңгеруі қажет.

Заңгер мамандығын таңдаған адам өз ісіне шын берілген, әділдікті ту ететін, қоғамға пайдалы болуды мақсат еткен жан болуы тиіс. Себебі заңгердің әрбір шешімі адамның тағдырына, қоғамдағы тәртіп пен тұрақтылыққа әсер етеді. Осы тұрғыдан алғанда, заңгерлік – абыройлы әрі жауапты мамандық.

Орталық Азия инновациялық университетінде «Бизнес және құқық» факультетіне қарасты «Құқық» кафедрасында «6В04201 – Құқық», «6В04203 – Құқықтану» және «6В04204 – Цифрлық заңгер» білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярланады.

Сонымен қатар, заңгер мамандығы адамнан жоғары адамгершілік қасиеттерді талап етеді. Адалдық, әділдік, жауапкершілік пен табандылық – бұл кәсіптің басты қағидалары. Заңгер өз қызметінде заңды ғана емес, ар-ожданын да басшылыққа алуы тиіс. Себебі қоғамдағы сенім мен тұрақтылық көп жағдайда заңгерлердің кәсіби деңгейіне байланысты.

Цифрлық заңгер білім беру бағдарламаларының білім алушылары пробация қызметі әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету орталығының мамандарымен кездесу өткізді.

Кездесудің негізгі мақсаты – білім алушыларға құқықтық жауапкершілік, пробацияның рөлі және құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары туралы жан-жақты ақпарат берді. Пробация қызметінің қоғамдағы маңызы түсіндірілді:Құқық бұзушылықты болдырмаудың тиімді жолдары айтылды: Жастар үшін тәуекелден аулақ болу және қауіпсіз орта қалыптастыру тақырыптары талқыланды: Білім алушылармен ашық диалог жүргізіліп, сұрақтарға нақты жауап берілді.

Бұл шара білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып қана қоймай, жауапкершілік мәдениетін қалыптастыруға да ықпал етті.

2025 жылғы 13-20 қараша аралығында университет ректоры Ажидинов А.С. Қытай Халық Республикасына Чунцин пошта және телекоммуникациялар университетінің ресми шақыруымен іссапармен барды. 14 қараша күні Ажидинов А.С. Чунцин қалалық әкімдігі ұйымдастырған «Индустрия – Білім – Ғылым – Практика 2025» конференциясының жұмысына қатысты. Конференцияға Қытай, Еуропа (Италия) және Азия (Малайзия, Қазақстан) елдерінің жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттары қатысты. Конференция қорытындысы бойынша Чунцин қаласының әкімшілігі мен Орталық Азия инновациялық университеті арасында Өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойылды. 20 қараша күні университет ректоры қытайлық және шетелдік университеттердің ректорларына арналған Халықаралық форумға қатысты. Форум Чунцин пошта және телекоммуникациялар университетінің әкімшілігі тарапынан ұйымдастырылды. Форум жұмысына Еуропа елдерінің (Нидерланд, Италия, Португалия, Польша, Сербия, Чехия, Латвия), Орталық Азияның (Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан), сондай-ақ Үндістан, Шри-Ланка және Индонезияның университеттері мен ғылыми-зерттеу институттары қатысты.



Бүгінгі таңда цифрлық қоғамның қалыптасуы заңгерлік қызметтің мазмұнын түбегейлі өзгертуде. Онлайн келісімшарттар, электрондық қолтаңба, цифрлық дәлелдемелер мен киберқауіпсіздік мәселелері заңгердің күнделікті жұмысында маңызды орын алуда. Осыған байланысты болашақ заңгер жаңа технологияларға бейім, ақпараттық сауатты және үнемі өзін-өзі дамытып отыратын маман болуы қажет.

Заңгер мамандығын таңдаған жас буын үшін бұл жол – үздіксіз білім алуды, тәжірибе жинақтауды және кәсіби шеберлікті талап ететін ұзақ әрі күрделі жол. Алайда өз ісін сүйіп атқарған адам үшін бұл қиындықтар үлкен жетістіктерге бастайтын мүмкіндікке айналады. Заң саласында еңбек ете отырып, адам қоғамдағы құқықтық мәдениетті арттыруға, азаматтардың құқықтық сауаттылығын көтеруге үлес қоса алады.

Сондықтан мамандық таңдауда заңгерлікке бет бұрған әрбір жас өзінің мақсатын айқын айқындап, болашаққа сеніммен қарауы тиіс. Өйткені заңгер – тек маман емес, ол қоғам мен әділдіктің арасындағы алтын көпір.

Орталық Азия инновациялық университетінің «Құқық» кафедрасының заң ғылымдарының кандидаты, доцент Жорабеков Серик Жорабековичтің ұйымдастыруымен 6В04201 - Құқық, 6В04203-Құқықтану, 6В04204 – Цифрлық заңгер білім беру бағдарламаларының білім алушылары Чунцин пошта және телекоммуникациялар университетінің студенттерімен кездесу өткізді.

Кездесу барысында Чунцин пошта және телекоммуникациялар университетінің студенттері Қытайдың құқықтық жүйесі, цифрлық заңгерлердің жұмыс ерекшеліктері және Қытайдағы білім беру жүйесі туралы қызықты мәліметтер ортаға салды. Сонымен қатар, Қытай студенттері Қазақстанның құқықтық жүйесі, заңгер мамандығының ерекшеліктері және Қазақстандағы студенттік өмір туралы сұрақтарға жауап берді.

Кездесу барысында Орталық Азия инновациялық университетінің «Құқық» кафедрасының заң ғылымдарының кандидаты, доцент Жорабеков Серик Жорабековичтің ұйымдастыруымен 6В04201 - Құқық, 6В04203-Құқықтану, 6В04204 – Цифрлық заңгер білім беру бағдарламаларының білім алушылары Чунцин пошта және телекоммуникациялар университетінің студенттерімен кездесу өткізді.

Кездесу барысында Чунцин пошта және телекоммуникациялар университетінің студенттері Қытайдың құқықтық жүйесі, цифрлық заңгерлердің жұмыс ерекшеліктері және Қытайдағы білім беру жүйесі туралы қызықты мәліметтер ортаға салды. Сонымен қатар, Қытай студенттері Қазақстанның құқықтық жүйесі, заңгер мамандығының ерекшеліктері және Қазақстандағы студенттік өмір туралы сұрақтарға жауап берді.

Форумның негізгі мақсаты – қытайлық және шетелдік жоғары оқу орындары арасындағы конструктивті диалогты дамытуға ықпал ету. Форум барысында Чунцин пошта және телекоммуникациялар университеті мен Орталық Азия инновациялық университеті арасында Ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды.

Меморандумға қол қойылуы университеттер арасындағы ғылыми, технологиялық және білім беру салаларындағы өзара әрекеттестікті дамытуға, сондай-ақ «Бір белдеу, бір жол» бастамасы аясындағы ынтымақтастықты нығайтуға маңызды үлес болып табылады.

Құрметті жас талапкер, сізді Орталық Азия инновациялық университетіне «6В04201 – Құқық», «6В04203 – Құқықтану» және «6В04204 – Цифрлық заңгер» білім беру бағдарламалары бойынша білім алып, Цифрлық Қазақстанның заңгер мамандығын иеленуге шақырамыз.

Орталық Азия инновациялық университеті
«Құқық» кафедрасы

adilet-gazeti.kz

Сендер жайлы шырқалар асқақ ән бар,
Күйіп кетсін көре алмас пәтшағарлар.
Сендер аман болыңдар жақсы адамдар,
Қарап өссін сендерге басқа жандар.

Жұматай ОСПАНҰЛЫ



Ол осыдан алпыс үш жыл бұрын киелі Отырарда Өзбекбай ақсақалдың жанұясында тұңғыш бала боп дүниеге келді. Содан кейін де бұл шаңырақта алты рет қалжа қойы сойылып, шілдехана жасалды. Бір қызығы бұл шаңырақта қыз болмады. Алланың берген жеті ұлы қыздардың орнын жоқтатқан жоқ. Бәрі де ұл мен қыздың шаруасын бірдей атқаратын жинақы, пысық, еңбекқор болып өсті. Анда-санда «шіркін бір қызым болса ғой» – деп армандайтын апамызға ақсақалы «Бәйбіше, жеті ұлың аман болса жеті қыз үйге келеді, оған несіне уайымдайсың», – деп басу айтатын. Ермекбай да үйдің үлкені болғаннан кейін артындағы інілеріне қарап, ақ таңертеңнен қас қарайғанша кетпені қолынан түспей сушы боп істейтін әкесі марқұмның қайтсем бір жағына шығып, жұмысын жеңілдетсем деген арманмен өсті.

ЕЛІ ҚҰРМЕТТЕГЕН ЕРМЕКБАЙ

1980 жылы ел қатарлы орта мектепті бітіріп, Ленинградтағы ауыл шаруашылығы қызметкерлерін дайындайтын оқу орнының студенті атанды. Оқып жүргенінде 1982 жылдың жазында Совет армиясы қатарына алынып, Германиядағы Совет әскерлерінің тобына түсті. Әскери қызмет жас жігітке ауырлық түсірмеді. Кішкентайынан үйдегі шаруа мен түздегі шаруаның барлық түрін көріп шыңдалып, шынығып өскен жігіт көп ұзамай-ақ озаттар қатарына ілінді. «Әкей марқұм ірі денелі, көп сөйлемейтін, өте сабырлы кісі болатын», – деп еске алады әкесін Ермекбай.

Сушының арықтағы суға бөгеу салу үшін қолданатын бас қаруы «кетпен» деп аталады. Ол кісінің кетпенінің өзі 8-9 кг-нан кем түспейтін, ал оның алып шығатын топырағы мен жабысқан балшығын есептегенде әжептәуір салмақ болатын. «Мен өзім мектеп бітіргеннен кейін ғана әкейдің сайманымен қиналмай жұмыс істеуді әрең үйрендім» дейді ол. Небір апайтөс азаматтардың әкеммен қатар тұрып, әлгіндей сайманмен кешке дейін шыдап жұмыс істеуі некен саяқ еді.

Германиядағы әскери топқа қойылатын талап қатаң, тәртіп күшті болды. Әсіресе әскери дайындық пен спортқа үлкен көңіл бөлінеді. Дәл жандарында (ФРГ-да) бүкіл Социалистік мемлекеттер лагерінің бас қарсыластары саналатын НАТО-ның әскерлері. Одақта дабыл кезінде әскери бөлімді тастап, соғысқа кірісу үшін 40 минут уақыт берілсе бұ-ларға ол уақыт тек 25 минут қана. Олар-ға Одақтағы сияқты көшеге шығып қы-дыруға (увольнительное) берілмейді, посылка, тағы басқа үйден келетін зат-тар алдырмайды. Соғыс басталса ГСВГ-нің әскерлері НАТО-ның алғашқы шабуылын бір сағат ұстап тұрулары тиіс. Осыған әскери топтың әскерлері әрқашан дайын болуы керек. Аптаның әр сенбісінде алты шақырымға жүгірудің өзі-ақ талайды титықтатып жіберетін.

Таң бозынан ерте тұрып, сиыр мен қойды өріске жіберу, одан бұзауды бұлақ жанына арқандау деген шаруалардың Ермекбай үшін күнделікті жүгіре басып, жылдамдатып істейтін үйреншікті шаруасы болғалы қашан. Жүгіріп жүріп істемесе сабаққа үлгермейді. Оның бер жағында үйге келіп, киім ауыстырып бір-екі шыны шай ішіп үлгеруің керек. Міне, осының бәрі әскерде жас жігітке өзінің үлкен пайдасын тигізді. Бөлім бастықтары сол кездегі екінің біріне көрсетілмейтін құрмет пен сенім көрсетіп партия қатарына кандидаттыққа алды. Суреті «Олар біздің озаттарымыз тақтасынан түскен жоқ». Екі жыл әскер қатарында болып, әкешешесіне екі рет мақтау қағазын алдыртып, бойы да, ойы да өсіп, шынығып, шымыр болған жас коммунист туған еліне оралды. Екі жылда жоғары командованиеден талай алғыстар алып, кеудеге тағатын төсбелгілермен марапатталды.

Әскер қатарынан келген жас жігіт Ленинградтағы оқуын жалғастырып, оны 1985 жылы үздіктер қатарында бітіріп шығады. Осы жылы Ленинград қаласында оқып жүрген жерлесі Гүлнар атты сұлумен танысып, екеуі отбасын құрып, шаңырақ көтереді. Сол жылдың қараша айында Ленинград облысындағы Сланцы қаласындағы 15-інші ПМК-да шебер болып қызметін бастайды. Мұнда да озаттар қатарынан орын алған жас маманды ПМК-ның басшылығы аға прораб қызметіне жоғарлатады. Екі жыл жолдамасы бойынша қызмет атқарған жігіт туған еліне оралып, Шымкент облысының Сырдария су пайдалану басқармасына аға инженер болып қызметке орналасады.

«1994-2002 жылдары Ақмола облысындағы «Шырынбек» шаруа қожалығында инженер экономист те болып істедім» деп жымияды біздің кейіпкеріміз. Содан 2002 жылдан күні бүгінге дейін Су және су шаруашылығы ресурстарымен ирригация министрлігінің гидрогеолого-мелиративты орталығының Ақмола бөлімінің бастығының орынбасары. Бұл мекемеде Ермекбай Өзбекбайұлы табаны күректей 25 жылдай еңбек етіп келеді. Су ресурстары қызметінің ардагері.

Су тіршіліктің нәрі, қайнар көзі, тіршілік иесіне ауа қандай қажет болса, судың қажеттілігі де сол мөлшерде екенін бәріміз білеміз. Кейінгі жылдары бұл салаға үлкен көңіл бөлініп 2023 жылғы 4 қыркүйектегі ҚР Президентінің Жарлығымен ҚР Су ресурстары және ирригация Министрлігі боп қайта құрылғанын атап айтсақ та жеткілікті. Иә, әке жолын абыроймен жалғастырған Ермекбай бұл жолды табандылықпен, адалдықпен, шыдамдылықпен жүріп өтті. «Жарлы болсаң да арлы бол», «Еңбектің наны тәтті» деген әке өсиетіне адал болды. Әрине, бәрі осы қалпында бола қоймайтыны да белгілі.

Соқтықпалы, соқпақсыз жолдан өтті. Қиындық көрді, иілді, бірақ сынбады.

– Астана құрыла салысымен көшіп келгендердің бірімін. Екі бала мен әйеліміз екеуміздің пәтер іздеп табанымыздан таусылған күндеріміз де болды. Бәрінен аман-есен өткенімізге шүкірлік айтамыз. Шалкөде көшесінен үш бөлмелі пәтерге қол жеткіздік. Өзіміз тұратын үйдің астыңғы жер төлесін өз күшіммен жөндеуден өткіздім. Ондаған жылдар бойы жиналып қалған 33 машинадай қоқыс шығарғаным күні кеше ғана сияқты, үстіндегі шатырын ауыстыру үшін ғана бес миллиондай кредитке алған қаражатымды жұмсадым. Осыдан кейін ғана жертөлені ұзақ мерзімге жалға алып, ішіне күрделі жөндеу жүргізіп магазин аштым. Сол кезде ел түскі тамаққа шыққанда, мен магазинге тауарға жүгіретінмін. Осылай ақырындап ел қатарына іліктік. Ол кезде дачалардан жер алу оңай болатын. Магазиннен түскен азын-аулақ ақшама бір жазда шпалдан бір үй саламын. Отырарда тұратын әке-шешемді кенже ұлмен көшіріп алып, жаңа үйге кіргіздім. Әкей марқұм басында келісімін бермей маған «Балам, кәрі қойдың жасындай жасым қалды, көзім жұмыла қалса туған жерден топырақ бұйыртса деген арманым бар, осыны ұмытпа» – деген өз аманатын айтып, інілеріме бас көз болуды тапсырды. Бүгінде әкеміздің келместің кемесіне жолаушы болғанына да бірталай жылдың жүзі боптты. Аманатын орындап туған жерге апарып қойдық, өтерінің алдында әкем қасына шақырып, еті қашқан әлсіз саусақтарымен қолымды қысып «Ризамын сағаң, балам» дегенді айтты, – деп күрсіне еске алады біздің кейіпкеріміз.

– Бұл күндері шешей Шымкент қаласында ортаншы ұлы Өсербайдың қолында күйлі-куатты тұрып жатыр. Осы жасқа келгенде менің бір түсінгенім, адамға уақыттан қымбат ештеме жоқ сияқты, – дегенді айтады Ермекбай бауырымыз. – Мен, ылғи уақыттан тапшылық көретін жанмын. Басқалар екі қолын қайда жіберерін білмей жүргенде біздерге уақыт жетпей жатады. Осындай қызу қарбалас өмірдің арасында Гүлнар екеуі Мекке – Мединаға қажылыққа да барып келді. Иә, оған уақыт жетпейтінін менде көріп жүргендердің біреуімін.

2022 жылы шетелде әскери борышын өтеген Варшава шартына қатысушы қарулы күштер ардагерлерінің Астана қаласындағы қоғамдық бірлестігі құрылып, үлкен жиын болды. Алғашқыда осы қоғамдық бірлестікті басқарған Сүйіндік деген азаматымыз қызмет бабымен басқа қалаға ауысатын болып, Төлегенов Ермекбай Өзбекбайұлын төраға сайладық. Ермекбай осы қоғамның алға жылжуы үшін уақытын да, күш жігерін де аяған жоқ. Аталған ұжым бүгінгі күні Астанада өз орны бар, белгілі қоғамға айналып, әсіресе жастарды Отансүйгіштікке елімен жерін қадірлеуге тәрбиелеуде белсенділік танытуда. Қоғамның осындай деңгейге жетуіне біздің бүгінгі кейіпкеріміздің сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Куба, Вьетнам, Германия, Моңғолия, Чехославакияда, Венгрия, Польша т. б. шетелде әскери борышын өтеген ардагерлер бұл бағытта өздерінің бай тәжірибесімен бөлісіп, тәрбие жұмысына үлкен көмектерін жасауда. Қаладағы барлық орта мектептермен, «Өркен» атты оқушылармен жастарға тәрбие беретін оқу комбинатымен, Қорғаныс министрлігімен, қалалық оқу басқармасымен іскерлік байланыс орнатылып, бұл бағытта белсенді жұмыс жүргізілуде. Оның бер жағында ауылдан келген ағайынның шаруасы да шығып жатады. Орта жүздің Қоңырат деген руының бел баласы болғанан кейін ру басы төрағасының орынбасары деген міндеті де бар.

Жақында ғана қаладағы 35-інші Нәзір Төреқұлов атындағы мектеп-лицейінде алаштың ақтаңгер азаматы, қазақ елшілік қызметінің негізін қалаушы біртуар тұлға Нәзір Төреқұлов атамыздың кеуде мүсіні қойылып, мұражайының ашылу салтанатына куә болдық. Н.Төреқұловтың танымдық дүниесіне арналған ғылыми конференцияға қатыстым. Алаштанушы академиктер мен белгілі ғалымдар, Парламент депутаттары мен қоғам қайраткерлері қатысқан аталған іс-шара мектептің шағын конференц залында емес, бейне бір республикалық деңгейдегі зәулім сарайда өтіп жатқандай әсер алдық. Бұл пікірімізді сөз алған азаматтардың бәрі қостап, атап өтті.

Айтайын дегенім, осы іс-шараны ұйымдастыруда да Ермекбайдың еңбегі ерен, бұл сөзімізді қоғам және мемлекет қайраткері екі мәрте сенаттың экс депутаты Қуаныш Айтахановтың бүкіл елдің көзінше Ерекеңнің азаматтық тұлғасына баға беріп, сіңірген еңбегін атап өтіп, ақжарма тілегі мен ағалық алғысын білдіргені де бекіте түссе керек.

Оның тағы бір көрінісі Н.Төреқұлов атындағы қоғамдық қордың «Ерекше еңбегі үшін» медалымен марапатталуы. Иә, қазақта мақал бар «Әрбір мықты еркектің артында ақылды әйел тұрады» деген. Ермекбайдың елдің алғысын алып, «Жігіт болсаң Ермекбайдай бол» деген халықтың батасына ие болуына асыл жары Гүлнардың да сіңірген еңбегі аз болмаса керек-ті. Ол инабатты келін, асыл жар, аялы ана, немерелерінің жақсы көретін әжесі. Бүгінде біздің осы шағын мақаламыздың бас кейіпкері: ҚР су шаруашылығының құрметті ардагері, озат қызметкері, Варшава шартына қатысушы қарулы күштердің құрметті ардагері, ар ожданын кірлетпей, азаматтығын аласартпай, пайыммен парасат биігінде зейнет жасы 63-ке де жетіпті. Ендеше, сөз соңын «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген мақсатпен Ереке, туған күнің құтты болсын, мықты денсаулық, бақ-береке тілейміз. Зейнетіңнің игілігі мен қызығын көр. Гүлнар екеулерің Бауыржанды үйлендіріп, немере-жиендердің қызық қуанышын бірге көре беріңдер деген жақсы тілекпен аяқтағанды жөн көрдік.

Кәдірбек САЛҚЫМБАЕВ.
Астана қаласы.

Айша Көпжасарова жыр әлемінде өзіндік қолтаңбасы бар ақын ретінде қазақ оқырмандарына кеңінен танымал. Биыл ақын әпкеміз 85 жылға толып отыр. Белгілі ақынды құттықтай отырып, бір топ өлеңін ұсынып отырмыз.



Айша КӨПЖАСАРОВА

Тағдырым, өзіңе ризамын...

Ақындардың жаны нәзік

Ақындардың үлпілдек жаны нәзік,
Көңіл жығып, қатты айтпас, етпе қауіп.
Қиыннан қиыстырып керек жерде,
Дипломаттай кетеді ебін тауып.

Ақынның жанарында жас ұялап,
Қуаныш пен мұң-назға даяр тұр-ақ.
Анандай аялайды қашан келсең,
Жүгіргені – жүгірген ұшып құрақ.

Ақын сезім – аяулы әрі тәтті,
Сағым қуып, қиялға елтір қатты.
Өкпешіл де күдікшіл от жүректің
Дүрсіл қаққан тынысын сезген жақсы.

Ақындардың үлпілдек жаны нәзік,
Жан дүниеңді түсінер, алма қауіп!
Балтыр сыздап, бас қатар шақтар келсе,
Алдыңнан шығар әр кез күлім қағып.

Жақсы әйел

Бәйек болар етердей жанын құрбан,
Жар болса, болсын сондай асып туған.
Алыстан арып-шаршап келгеніңде,
Алдыңнан Күндей күліп, тосып тұрған.

Жүретін бақыт тілеп бір басыңа,
Дән риза қонағың да, құрдасың да!
Жақсы әйел – құт-береке, ырысың да,
Бақ күткенге қонады, расында.

Кең дастархан, кең пейіл, шебер қолы,
Таптырмас шешен сөзге бай мол қоры.
Риясыз көңіліне сенбей тұрсаң,
Байқап қайтқын болмаса осы жолы.

Кірбің жоқ қабағында балдай лебіз,
Махаббаты сарқылмас ұшан-теңіз!
Асыл жар, аялы ана әрі ақылшы,
Ұлыңа да тап сондай жар тілеңіз.

Көз

Көз дегенің, көз дегенің оқпен тең,
Тік қадалса, өтеді қос өкпеден.
Сұқтанбасын, қадалмасын кірпіктер,
Атылмасын, теріс қарап өткін, сен!

Көз дегенің, көз дегенің отпен тең,
Қозданатын, маздайтұғын шоқпен тең.
Қарашықтар жалт еткенде абай бол,
Шырмалмасын, көзің жұмып өткін, сен!

Көз дегенің, көз дегенің – асыл зат,
Магниттей тартады ол жалтылдап.
Бар сырымды біліп қояр ма екен деп,
Тұрасың сен, тұрасың сен қалтылдап.

Келем құып...

Өз әлімше, кеудем күй сап, айтып ән,
Сөзден құрап, кесте тігіп отырам.
Мезгіл тыныш, уақытым мол болғанмен,
Жеткізбейді-ау зырылдаған тәтті арман.

Кейде арқауы үзілгендей жырымның,
Ұйқас іздеп отырамын күнұзын.
Кеберсіген еріндерім жыбырлап,
Шөлдалада қалғандаймын бір өзім.

Кездескенде қанша тұйық, дағдарыс,
Асау өлең – қызығы көп, ғажап іс.
Қуып келем жетем бе деп, ақ арман,
Үмітім мол, жүгім ауыр, мәре алыс.

Бүлкілдейді тынбай қызыл көмейім,
Қан қызған соң кештеу құдым демеймін.
Түлкі жортқан қия жартас сен болсаң,
Алынбайтын асуыңды көрейін!

Тағдырым, өзіңе ризамын!

Адам ғып, ана ғып жаратқаның үшін,
Күлімдеп, нұр шашып таң атқаны үшін,
Сәбидей кейде аялағаның үшін,
Қатал боп кейде аямағаның үшін
Тағдырым, өзіңе ризамын!

Баладай балқып ұйықтағаным үшін,
Жаманнан қашып, тұйықталғаным үшін,
Әрбір ісімді сынағаның үшін,
Қателескенде жылағаным үшін
Тағдырым, өзіңе ризамын!

Достарымның адалдығы үшін,
Балаларымның амандығы үшін,
Қарызбын саған өткенім үшін,
Осы жасыма аман жеткенім үшін
Тағдырым, өзіңе ризамын!

Жақсыны жұп қып бергенің үшін,
Адал махаббатты сезгенім үшін,
Әр сағат, әр минутым үшін,
Ауаңды жұтқан тынысым үшін
Тағдырым, өзіңе ризамын!

Бақытқа балқыған күндерім үшін,
Жұлдызды санаған түндерім үшін,
Тәрбиесімен ата-ананың өскенім үшін,
Тамаша ғұмыр кешкенім үшін
Тағдырым, өзіңе ризамын!

Әр таңым аппақ боп атқаны үшін,
Халқымның көбейіп жатқаны үшін,
Даламның керемет кеңдігі үшін,
Бәрімен Бостандық, Теңдігім үшін
Тағдырым, өзіңе ризамын!

Мүсіркеп, кейде аялағаның үшін,
Кей-кейде мені аямағаның үшін,
Қарауды жеңердей мыс бергенің үшін,
Қаламды ұстардай күш бергенің үшін
Тағдырым, өзіңе ризамын!

Қырманым дәнге толғаны үшін,
Тып-тыныш ұйықтап тұрғаным үшін,
Берекем болып – бейбітшілік тұрғаны үшін
Басыма бақыт қонғаны үшін
Тағдырым, өзіңе ризамын!

Зейініме

Ең тәтті ұлсың, Зейінім,
Кең болсын дәйім пейілің.
Отанды сүй – Ордам деп,
Мықты болсыншы зейінің.

Ағаңды сүй – қорған деп,
Ініңді сүй – қолдау деп!
Қарындасқа қарағын
Жанашырым, қормал деп.

Ата-анаң қазір қолдаушың,
Жамандықтан қорғаушың.
Жақсы адам болып өссе деп,
Қамыңды сенің ойлаушың.

Оларға қазір қарызсың,
Ойландырар әр ісің.
Қай ата-ана күтпейді
Ұлынан «Қазақ барысын!»

Немеремнің тәттісі ең,
Қылықтысы, жақсысы ең!
Армансыз болар ата-әжең
Мақтаныш болып сен өссең!

Ән айтасың түсініп,
Мақтанбайсың ісініп.
Соныңмен-ақ жүрсің ғой
Мәртебемізді өсіріп.

Құтты болсын он бірің!
Ұзақ болсын өмірің!
Еңбекқор бол әкеңдей,
Үлгі етсін елің, өңірің!

Қызыма

(Айжанға)

Кіршік жоқ көңіліңде қарағымсың,
Ерекше жаратылған баламысың?!
Балапандай ұядан құлап қалған –
Әр жан сенен жылылық табары шын.

Өзіңді өзге үшін аямайсың,
Аяйсың, есіркейсің, аялайсың.
Тағы бар жомарттығың, ақ көңілің,
Өзіңде бар-жоғына қарамайсың.

Үлкен айтсын, кіші айтсын, жүгіресің,
Жасырам, тілалғышсың, оның несін?!
Аңқаулық, адалдық та бір өзіңде,
Бастап тұр сенгіштігің мінез көшін.

Сондықтан досың да көп, танысың да,
Асығар ренжіскен жан табысуға.
Өмірде сыйластыққа не жетеді,
Пенденің адалдығы тап осында.

Қонақты қабақ шытпай қабылдайсың,
Кішілік мінезіңнен жаңылмайсың.
Отырсаң да, тұрсаң да бәйек қағып,
Ризалық сезімменен жалындайсың.

Ел-жұрттың шыға алатын сенімінен,
Аллаға ризамын, сені берген!
Бақытты өмір кешкін ұл-қызыңмен
Естайдай Құдай қосқан серігіңмен!
Әмин!

Естаңға

Қызымнан кем көрмейтін күйеубалам,
Бәйек боп, бара қалсам, «мамалаған».
Болғанмен мінезі ауыр, кісі келсе,
Көңілін тауып бәрінің болады алаң.

Бойында мінезі бар өрелінің,
Тіл-көзден болсын ада шеберлігің!
Инемен құдық қазған секілді бір,
Қарағым, көр рахатын еңбегіңнің!

Әперіп жүрсің ұл-қыз қалағанын,
Өздеріңдей болса екен балаларың!
Естімей айқай-шуды өсіп келеді,
Тым тату болғаннан соң араларың.

Қарасам, қызым әлі бойжеткендей,
Бақытты ол көктегіге қол жеткендей!
Аллам да жаратыпты екеуіңді
Биязы мінезді ғып, сай еткендей.

Басыңнан бақыт құсы арылмасын,
Аман болсын апа, інің, қарындасың!
Екеуің қол ұстасып бірге қартай,
Тілейміз, ұзақ болсын өмір жасың!



Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

ПОЙЫЗДАҒЫ КЕЗДЕСУ



Мен мінген Алматы – Павлодар жүрдек пойызы Үштөбе қаласындағы теміржол бекетіне аялдап, купе ішіне отыздан енді асқан төртбақ келген жігіт кірді. Менімен амандасып, төменгі қатардағы бос тұрған орынға жайғаса бастады. Ескі вагондары сырқырап, пойыз орнынан жайлап жылжығанда, жолаушы маған ұрлана екі-үш рет қарағандай болды. Купелес серігімді мен де бір жерде кездестіргендеймін, бірақ есіме түсіре алмадым.

– Шырағым, атам қазақ «Кемедегінің жаны бір» деген. Жол қысқарсын, танысып отырайық, – дедім жас жігітті сөзге тартып. – Мен Дәркеш деген ағаң боламын, бір шаруалармен Павлодарға кетіп барамын.

– Жолыңыз болсын, аға, – деді бейтаныс жігіт маған қарап. – Есімім – Өмірбек. Семейдің маңайындағы бір кеніш орнында вахта бойынша жұмыс істеймін. Байқап отырмын, сіз мені қайдан көргеніңізді есіңізге түсіре алмай отырсыз. Мен сізді купенің ішіне кіріп келгенде-ақ бірден таныдым. Арада он жылдай өтсе де онша өзгере қоймапсыз. «Тау мен тау жалғаспайды, ал, адам мен адам кездеседі» деген осы. Сіздің екі мың теңгеңізді алдап алып қашып кетіп, сол күні жол апатына ұшырағанымыз есіңізде болар.

– Ә, сені шырамыттым, бірақ, есіме түсіре алмай отырғаным рас. Жағдайың қалай, ол оқиғаны мен баяғыда-ақ ұмытып кеткенмін. Аман болсаң болды, шырағым. Сүрінбейтін тұяқ, жаңылыспайтын жақ болмайды.

– Құдайға шүкір, аға. Біреуден артық, біреуден кем дегендей жүріп жатқан жайым бар. Маған түсініктікпен қарағаныңызға рахмет! Сондағы менің жасағаным нағыз иттік. Кешіріңіз мені.

Жолаушылар пойызы екпін алып, жылдамдығын арттыра түсті. Қысқа әңгімеден соң, екеуміз де сәл үнсіз қалдық. Менің есіме киноның ескі лентасындай өше бастаған сол бір келеңсіз оқиға түсті.

...Әдеттегідей жылдың соңында жұмыс көбейіп кетеді. Сол күні тиісті орындарға тапсыратын құжаттарды реттеп, кеңседе ұзақ отырып қалдым. Тысқа шыққанда қолымдағы сағаттың тілі кешкі онды көрсетіп тұрды. Қаланың іші болса да баратын жерім қашықтау. Мұндай уақытта қоғамдық көліктер аз қатынайды. Көп ойланбастан қол көтеріп, бір көлікті тоқтаттым. Іздегенге сұраған дегендей, жап-жаңа қымбат шетелдік көлік мінген жас жігіт екпіндетіп тоқтай берді.

– Қайда барасыз? – деді ол көліктің әйнегін төмен түсіріп.

– Абай мен Сайынның қиылысына дейін апарып тасташы.

– Базар жоқ, көкесі. 2000 теңге төлесеңіз жеткізіп тастаймын, – деді жүргізуші қуақы үн қатып.

– Келістік, балам.

Машинаның артқы жағына отырып жатып, асығып жүріп, кабинеттің кілтін тастап кеткенім есіме түсті.

– Шырағым, – дедім сасқалақтап, – үлкен кісілерде қайбір ес бар дейсің, ұмытшағыма басып, кабинеттің кілтін ұмытып кетіппін, есіктің аузында қалыпты. Жүгіріп барып ала келе қояйын. Бір аяғым – анда, бір аяғым – мұнда. Айып ете көрме, сәл күте тұр.

– Қарсы болмасаңыз, жол ақысын алдынала төлей салыңызшы, ағасы. Сіз келгенше жақын маңдағы азық-түлік дүкенінен су алып келейін, шөлдеп тұрғаным.

Мен сөзге келместен сұраған ақшасын беріп, кеңсеге қарай жүгіре бет алдым. Қырсықканда лифті жұмыс істемей қалыпты. Үшінші қабатқа көтеріліп, есікте қалып кеткен бір бума кілтті алып, асыға-аптыға төмен түстім. Өкпем өшіп, көлік ұстаған жерге келсем, мені күте тұрам деген жас жігіт ұшты-күйлі жоқ болып шықты. Он минуттай күттім, бірақ ол жігіт сол кеткеннен мол кетіп, төбесін көрсетпеді. Сонда ғана бір алаяқ қуға алданып, аузымның аңқиып қалғанын бір-ақ білдім. «Алғаның ас болмағыр жаман неме!» деп әлгі жігітті шымкентшелеп бір боқтап алып, амалдың жоқтығынан басқа машина ұстадым.

Абай мен Желтоқсан көшелерінің қиылысына жете бергенде жол апатының үстінен түстік. Екі машина қатты соғысып быт-шыт болып, шашылып қалыпты. Жүргізуші жігіт көлігін жол жиегіне асығыс тоқтатып: «Аға, мына апаттың түрі жаман, әлі ешкім келе қоймапты, зардап шеккендерге тез қол ұшын берейік» – деді асыға-аптыға сөйлеп.

Екеуміз жанталасып тұра жүгірдік. Үлкен жылдамдықпен келе жатқан жүргізуші қарсы шыға келген көлікті дәл бүйірінен қатты соққаны айтпаса да көрініп тұр. Жүргізуші рульді құшақтаған күйі ес-түссіз отыр. Мұндай жағдайда көбінесе көліктің есігі мыжылып, майысып ашылмай қалады. Жанымдағы жігіт қарулы азамат болып шықты. Күштеп тартып қалғанда, есік жұлынып түсті. Әлі есін жинап үлгірмеген жас жігітті тез шығарып, көше жағындағы көгалға жатқызып, жол апатына ұшыраған екінші жүргізушіге бет алдық. Жолдың шетіндегі үлкен қара талға соғысып, есінен танған егделеу кісіні де машинаның салонынан алып шықтық. Хабар жеткен болу керек, түнгі Алматыны азан-қазан етіп, мемлекеттік автоинспектор қызметкерлері де жетті. Бізден апат жайында сұрастырып жатқанда зардап шеккен жүргізушінің бірі есін жиып, орнынан тұрмақшы болғанда, мен өз көзіме өзім сенбедім. Ол мені алдап тайып тұрған жас жігіт еді. Бар абыройын 2000 теңгеге сатқан жылтыр неме де мені танып, екі көзі шарасынан шығып кете жаздады «Аға, мені кешіре гөр! Құдай атты мені! Шайтан арбады! Біттім, құрдым!» деп сандырақтай бастады.

МАИ инспекторының сұрақтарына жауап беріп, көлікке бет алдық. Мен болған жайды айтқанымда, таксисттің жүзі қарауытып, басын шайқай берді.

– Жасы небәрі 23-те екен. Белі бесіктен шықпай жатып мұндай қулық пен сұмдықты қайдан үйреніп жүр бұл шошқа! Өзінің келешегіне балта шауып жүргенін білмейді-ау бұл сорлы!

Пойыз шағын теміржол бекетіне тоқтап, купелес көршім азын-аулақ азық-түлік алып келді.

– Аға, түскі уақыт болып қалыпты, қарсы болмасаңыз, тамақтанып алайық. Мен қайнаған ыстық су алып келейін, – деп, жауабымды күтпестен дәлізге шығып кетті.

Асқа тәбетім онша болмаса да кемпірімнің жолға дайындаған асын шығара бастадым.

– Өмір деген қызық қой! – деді Ержан қолындағы тандыр нанға сары май жағып жатып. – Кейде түсіңе де кірмейтін жайлар алдыңнан шығып жатады. Шынымды айтсам, сізді жолықтырам деп мүлдем ойлаған жоқ едім. Сіздің журналист, жазушы екеніңізді түрмеде жүргенде білдім. Менің оңып тұрған қылығым жоқ болса да, кітап оқығанды ұнататыным бар. Абақтыда жүргенде отырғандардың бәрі таласып оқыған «Тағдыр» деген романыңызды оқып шықтым. Өмірде шалыс басып, жолы болмаған бас кейіпкеріңіз Дастанның тағдыры маған қатты әсер етті. Сіздің жазу ерекшелігіңіз – кейіпкерлеріңіздің болмысына, психологиясына айрықша назар аударасыз. Жазғандарыңыз шынайы, әсерлі болып келеді.

– Байқаймын, қара жаяу емес екенсің, бауырым. Әдебиеттен де хабарың бар, – дедім таңырқағанымды жасырмай. – Жаңа ғана түрме туралы айтып қалдың, оған қалай түсіп жүрсің?

– Ағасы, ол ұзақ әңгіме, – деді Ержан ауыр күрсініп, – өзіңіз куә болған жол апатынан соң, жіберген үлкен күнәдан дұрыс қорытынды шығарып, адалдықтың жолын таңдауым керек еді. Бірақ «ауру қалса да, әдет қалмайды» демекші, ескі әуеніме бастым. Сол апатта мен қаққан машинаның иесі ауруханаға жетпей қайтыс болып кетті. Ең аз дегеннің өзінде он жыл арқалап, сотталып кетер едім, балалары, жұбайы құдай деген адамдар екен, ондай жамандыққа бармады. «Бүлінгеннен бүлдіргі алма» демекші, тас-талқаны шыққан қымбат көліктің құнын да сұрамады. Жұмыстан шығарғаны болмаса, мекеме бастығы да маған кешіріммен қарап, адамгершілік жасады, алғанына екі ай енді ғана толған қымбат машина көлігін жөндеуге қалтамнан көк тиын шыққан жоқ. Көлік жүргізу құқығынан он бес жылға айырылдым. Қан базар ішінде адамдардың қалтасына түсетін ұры болмасам да, оңып тұрған түрім шамалы. Біреуді алдауарбау, көлденең жатқан дүние болса жымқырып қағып кету – мен үшін үйреншікті әдет.

Әлі есімде, күздің жаңбырлы күні болатын. Үлкен мекемеде бастық болып қызмет атқаратын егде кісіні үйіне жеткізіп салып, күндегі әдетім бойынша «нәпақа» тауып жүргенмін. Достық көшесімен төмен түсіп келе жатқанымда, жол бойында әлденеге асығып, абыржып тұрған қырықтар шамасындағы әйел қолын көтере берді.

– Шырағым, өте асығыс едім, – деді келіншек аптыға сөйлеп. – Астанаға ұшатын ұшаққа кешігіп қалмайын, бағасын екі есе төлеймін. Тезірек жеткізіп тасташы, інім!

Мен көліктің есігін аша бердім. Жолаушыны әуежайға тастап, жолшыбай жанармай құймақшы болып бұрылғанымда, артқы орындықта жатқан қолтырауынның терісінен жасалған қымбат сумканы байқап қалдым. Бірден есіме түсті, ұшаққа асыққан әйелдің қолынан осындай зат көрген болатынмын. Жанармай құятын бекеттен сәл ұзап, оңашалау жерге барып сумканы ашып, асығыс қарай бастадым. Қолыма бірнеше құжаттар, екі әуежай билеті, жеке куәлік ілінді. Сумканың түбінен әлі мұрты бұзылмаған бір бума АҚШ доллары шыға келді. Медициналық жолдама Алтынай Әуелбековаңың атына беріліпті. Обыр дертіне шалдыққан егде кісіге қай күні, қай сағатта ота жасайтындығы тайға таңба салғандай анық жазылып, мөр басылыпты. Науқастың тұрақты мекен-жайы да құжаттан орын алыпты. Жөні түзу адам болсам, бірден әуежайға қайта тартып, асығып жүріп ұмытып кеткен әйелдің заттарын қайтарып берген болар едім. Бірақ, ондай адамгершілік менің қолымнан қайдан келсін... Ұрлығымды ешкім көріп қалмасын деп қалаға тартып кеттім.

«Жаман сырын айтам деп, шынын айтады» деп бекер айтпаған ғой. Ой, ағасы, менің бүлдіргенім көп. Күнә атаулының қара балшығына талай рет баттым. Оның көбісін ұмытып та кеттім, ал, әуежайдағы әлгі иттігім осы күнге дейін көз алдымда. Құдай кешірсе де, өз-өзімді кешірмеймін. Анасы обыр дертінен өліп, шырылдап жүрген келіншек жиі-жиі түсіме кіреді...

Жүйткіп келе жатқан жолаушылар пойызының дөңгелектерінің тарсылдағаны басылып, мына ауыр сөздерді тыңдап тұрғандай әсерде қалдым. Менің де жүрегім түршігіп кетті. Ержанды сол сәтте жек көріп, жиіркене қарадым. Ол осыны сезді ғой деймін, дәлізге шығып, терезенің алдында темекі тартып тұрды. Арада екі-үш минут өткен соң купеге кіріп, маған кінәлі жүзбен қарап, сәл үнсіз қалды.

– «Атағыңды шығарғың келсе – жер өрте» демекші, бұл әңгімені сізге босқа айтып отырған жоқпын. Бармағымды шайнап, үлкен өкінішпен айтып отырмын, – деді жолаушы серігім маңдайынан шып-шып етіп шыққан терді сүртіп. – Қанша дегенмен жазушы адамсыз, менің жиіркенішті қадамдарымды болашақ шығармаңызға пайдалануыңыз мүмкін. Одан мен сабақ алмасам да, басқалар сабақ алсын. Ұшарын жел білетін, қонарын сай білетін мендей жексұрынды Алматы сыйдырмады. Жақсы ит өлгенін көрсетпейді емес пе? Мені ешкім білмейтін, танымайтын Шымкент қаласына зытып отырдым. Обалы не керек, жанармай шығаратын үлкен зауытқа жұмысқа орналастым. Жалғыз басты болған соң, жатақхана берді. Ақша тап деп ұрсатын қатын жоқ, әке деп етектен тартатын бала жоқ, еңбекпен алған табысым жеке басыма жетіп артылады. Ес білгелі бері оңай олжа – ұрлыққа үйреніп қалған мен бейбақ мұнда да тыныш жүре алмадым. Ұры – ұрыны алыстан таниды, қолы лас, ісі сұғанақтау, екі-үш жігітпен танысып, өзімізше қылмыстық топ құрып, жанармай ұрлай бастадық. Баукеспелігіміздің арқасында екі жылдай шалқыдық, бірақ, судың да сұрауы бар, бір күні қылмыс үстінде ұсталып, қолымызға кісен салынды. Көп ұзамай-ақ ісіміз тергеліп, 7 жылға сотталып, темір тордың ар жағынан бір-ақ шықтық. Зэктердің арасында «От звонка, до звонка» деген сөз бар. Жасалған қылмысым ауыр болмағандықтан, тас абақтыда табан аудармай жеті жыл отырып шықтым. «Үш күнде көрге де үйренесің» деген сөз рас болып шықты.

Абақтының жазылмаған заңы көп, оған шыдауға тура келді. Бұл мекемеде тек қылмыстылар жазасын өтейді деп ойлаушы едім. Оным бекер екен. Еш жазығы болмаса да, қылмыскер атанған ағайындарды көп кездестірдім. Олардың арасында ашыққанда бір тауық ұрлағандар, тоңғанда бір жылы курткаңы жымқырғандар да бар. Кейбіреулер үкімет қазынасынан миллиардтап ұрлап, миллиондап пара беріп, судан таза, сүттен ақ болып жатады. Бұл кесепатты бұрын жасырып келді, бүгінде елдің бәрі жақсы біледі. Қанша жасырғанмен, қоғам бұзылып тұр, бұл түрмізбен оңбаймыз. Түрме – жаңылыс басқанды тәрбиелейді деген бос сөз. Мұнда келген адам, бұзылып шығады. Жасырып, жабатыны жоқ, жазасын өтеп келген пендеге ешкім адам екен деп қарамайды, мүйіздеп жандарына жолатпайды. Сондықтан болу керек, қайтадан қылмыс істеп, өз еркімен түрмеге түсіп жатады. Ондайларды да өз көзіммен көрдім. Абақтыда жеті жыл отырып шыққан мен де осыны бастан кешірдім. Ит те болса, «іштен шыққан шұбар жылан» деп мүсіркейтін ата-анам жоқ, сүйеніш тұтатын жалғыз ғана әпкем бар. Оның да жетісіп тұрғаны шамалы. Жесір әйел. Екі баласын қалай адам қатарына қосамын деп, шашын – сыпыртқы, қолын – көсеу қылып, шықпа жаным шықпа деп жүр. Жеке басын асырай алмай жүрген, өткен өмірі сұмдыққа толы мен сияқты бейбаққа кім қарай қалсын. Жасым 40-қа келіп қалса да, маған жар сүю бақыты бұйырмады, ағасы. Баратын жерім, асатын тауым жоқ болғандықтан, Үштөбе қаласындағы әпкеммен бірге тұрып жатырмын. Туысымның бір танысына пара беріп, вахта бойынша жұмысқа әрең орналастым. Семейдің маңайындағы бір мекеменің барып кел, шауып кел дейтін қатардағы жұмысшысының бірімін. Бір ай жұмыс істеймін, бір ай демаламын. Алатын жалақым – бір басыма әрең жетеді. «Жығылған үстіне жұдырық» демекші, бригадирім де Құдайдан қорықпайтын адам. Мейірімсіз, өте қатыгез. Талай қиянат жасады, кейде ұрып өлтіргім келеді. Бірақ, сол оңбаған үшін түрмеде шірегім келмейді, абақтының азабын бір адамдай көрген адаммын. Дұрыс кісі болғым-ақ келеді, бірақ қоғам да, адамдар да өгей бала сияқты жандарына жолатпайды. Қанша ант ұрған болсам да, бір Жаратқан иеміз бар екенін жақсы білемін. Құдайға жолымды түзей гөр деп талай жалындым. Істеген күнәм көп болуы керек, әзірге жылы қабақ танытатын түрі байқалмайды.

Мені онша танымаса да ішіне запыран болып жиналып қалған ойын ақтарып, жәутеңдеп қараған жігіт ағасын қалай жұбатарымды білмей, қатты қиналдым.

– Шырағым, Алла сенің дұғаңа жауап бермесе, оның саған одан да жақсысын дайындап жатқанының белгісі. Сен көрмегенді ол көреді. Сен асыққанмен, ол ең керекті сәтті береді. Ең бастысы – сен жасаған күнәларыңды мойындап, Алладан кешірім сұрап, істеген ісіңе қатты өкініп отырсың. Бұл ізгілікке, жақсылыққа жасаған алғашқы қадамың. Білемін, адамдар алдында, ар алдында қатты қиналып жүрсің. Басыңнан кешіріп жатқан жайлар – Жаратқан иеміздің сынағы. Төзімді, сабырлы болсаң, бәрін де жеңіп шығасың. Түнерген түннің артында арайлы таңның барлығын ұмытпа! Ал, жолың болсын! Ол сені жақсылыққа бастасын, – дедім қол алып.

– Аға, рахмет сізге! Мен сізге иттік істесем де, кешіріммен қарадыңыз. Менің алай-дүлей болып жатқан жан дүниемді түсінуге тырыстыңыз. Алла разы болсын! Хош болыңыз! Айтқаныңыз келсін. Мүмкін сізбен әлі де кездесермін. Алдыңыздан басқа адам болып шықсам, мен нағыз бақытты болар едім, – деді Ержан дауысы тебірене шығып. Ол маған жақын адамымен қоштасқандай қимастық сезіммен қарады. Дауысында – сенімділік, көзінде – үміт сәулесі бар еді.

Түн қара шымылдығын жамылып, айнала түнекке қоюлана түскенде Ержан Семей қаласына жетпей бір шағын теміржол бекетінен түсіп, қараңғылық құшағына кіріп, алыстай берді... Мен купелес серігімнің артынан қарап тұрып, өмірдің қараңғы түнегінен аман-есен шығып кетуін шын жүректен тілеп тұрдым.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ДЕРТІ

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің көптеген елінде, оның ішінде Қазақстанда да әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді. Ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңында сыбайлас жемқорлыққа мынадай анықтама берілген: «...жеке түрде немесе делдалдар арқылы мүліктік игіліктерді заңсыз алу және мемлекеттік қызмет атқарушы тұлғалардың, сондай-ақ оларға теңестірілген тұлғалардың өз лауазымдық өкілеттіктері мен өкілеттеріне қатысты мүмкіндіктерін мүліктік пайда табу үшін жеке басына пайдалануы, сондай-ақ аталмыш тұлғаларға жеке және заңды тұлғалардың көрсетілген игіліктер мен жеңілдіктерді құқыққа қайшы түрде пара ұсыну жолымен сатып алуы».

БҰҰ-ның құжаттарында қолданылатын жемқорлық терминінің халықаралық-саяси анықтамасы мынадай деп берілген: сыбайлас жемқорлық – бұл мемлекеттік билікті жеке бас пайдасы үшін, үшінші бір тұлғалар мен топтардың мақсаты үшін асыра пайдалану.

Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас жемқорлық – бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Сыбайлас жемқорлықты білдіретін белгілердің бірі пара алу, не беру болып табылады.

Біздің мемлекетіміз басқа да көптеген мемлекеттер сияқты сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында қарқынды жұмыс жүргізуде. Атап айтқанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ міндеттемелік шарттарын белгілеп, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту жұмыстары жүргізілуде. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, мемлекеттік функцияларды орындайтын мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар және оларға теңестірілген тұлғалардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған.

Сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа елдер сияқты біздің жас мемлекетімізді де айналып өткен жоқ. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мекеме басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арызшағым, өтініштері. Мемлекетіміздің кез келген азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті. Ендеше, жемқорлықты жоюды мақсат еткен жергілікті атқарушы органдар жолдауда берілген тапсырмалардың шындыққа айналып, заңнамалардың талапқа сай орындалуына мүдделілік танытуды міндеті деп санап, қоғамды жегідей жеп жатқан қауіпті індетпен баршамыз бір кісідей атсалысып, күресуіміз қажет.

С. И. РЫСКУЛОВА,
Әл-Фараби ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының бас маманы

МҰРАГЕРЛІК ІС АШЫЛДЫ

2025 жылдың 10 қазанында қайтыс болған **Омарова Жанакулден** қалған мүлкіне Шымкент қаласы, Тәшенов көшесі, 12а үй, №1 пәтер мекен-жайы бойынша орналасқан нотариус Акмарал Равшановна Алимовада мұрагерлік іс ашылғанына байланысты барлық мұрагерлерге осы мекен-жай бойынша хабарласуды сұранамыз. Тел. 8-7252-53-56-10, 8-701-742-99-10.

2023 жылдың 31 тамызында қайтыс болған **Каратаев Бақтыбай Абдиевичтан** қалған мүлкіне Шымкент қаласы, Тәшенов көшесі, 12а үй, №1 пәтер мекен-жайы бойынша орналасқан нотариус Акмарал Равшановна Алимовада мұрагерлік іс ашылғанына байланысты барлық мұрагерлерге осы мекен-жай бойынша хабарласуды сұранамыз. Тел. 8-7252-53-56-10, 8-701-742-99-10.

2026 жылдың 05 қаңтарында қайтыс болған **Калымбетова Гулжан Досановнадан** қалған мүлкіне Шымкент қаласы, Тәшенов көшесі, 12а үй, №1 пәтер мекен-жайы бойынша орналасқан нотариус Акмарал Равшановна Алимовада мұрагерлік іс ашылғанына байланысты барлық мұрагерлерге осы мекен-жай бойынша хабарласуды сұранамыз. Тел. 8-7252-53-56-10, 8-701-742-99-10.

ОТКРЫЛОСЬ НАСЛЕДСТВО

Умер **Исмаилов Алишер Анварович**, дата смерти: 11 октября 2025 года. Наследникам обращаться к нотариусу Алимовой Акмарал Равшановне, по адресу: г.Шымкент, ул. Ташенова, дом 12А, кв. №1, телефон: 8-/7252/-53-56-10, 8-701-742-99-10.

Умерла **Сарманова Танакул Арипбековна**, дата смерти: 10 февраля 2025 года. Наследникам обращаться к нотариусу Алимовой Акмарал Равшановне, по адресу: г.Шымкент, ул. Ташенова, дом 12А, кв. №1, телефон: 8-/7252/-53-56-10, 8-701-742-99-10.

Умерла **Линчевская Людмила Валентиновна**, дата смерти: 24 мая 2024 года. Наследникам обращаться к нотариусу Алимовой Акмарал Равшановне, по адресу: г.Шымкент, ул. Ташенова, дом 12А, кв. №1, телефон: 8-/7252/-53-56-10, 8-701-742-99-10.

Әділет
zhangyru@mail.ru

Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық басылым

Меншік иесі:
“Tacc-Media” ЖШС
директоры
Б. Т. БОТАБЕКОВ

Редакция алқасының төрағасы:
Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ
(Алматы)

Бас редактор:
Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН
(Астана)

Редактор:
Қуанышбек БОТАБЕК

Ақпараттық қамсыздандыру және қауіпсіздік бөлімінің меңгерушісі:
Аманқұл КҮМІСБЕКҰЛЫ
Редакция алқасы:
Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК *(Алматы)*
Қали Сәрсенбай *(Алматы)*
Жауынбек ӘБУОВ *(фототілші)*
Мекен-жайымыз:
Қазақстан Республикасы,
Шымкент қаласы, Театр к-сі, 31-үй.
Байланыс үшін тел: 8 (7252) 56-11-70,
+7 776 795 04 76
E-mail: **zhangyru@mail.ru**
Индекс: 64702

* Жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакциядан ресми рұқсат алу шарт.
* Кейбір суреттердің ғаламтордан алынуына байланысты олардың мазмұнына, сапасына редакция жауап бермейді.
* PR мақалалар жарнама ретінде жарияланады.
* Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.
* Басылым қазақ және орыс тілдерінде жарыққа шығады.

* Мақала жазбагерінің пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Оқырман хаттарына жауап жазылмайды. Қолжазбалар өңделеді, кері қайтарылмайды.
Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы негізде жарық көретіндіктен, оның мазмұны мен қатесіне тапсырыс беруші жауапты.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеліп, 2018 жылдың 15 ақпанында №16921-Г куәлігі берілген
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №16573-Г. 15.06.2017ж).
Газет ЖК “Print Sap” баспаханасында басылды. Шымкент қ-сы, Әлімқұлов көшесі, 22 үй.
Айына үш рет жарық көреді.
Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы
Таралымы - 1800 дана.
Тапсырыс - 366.

ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ АРДАҚТЫ АҚСАҚАЛЫ

Шабан Гюлбаһармен кездесу көп жайттардан хабар берді

Ыстанбұл қаласы Башакшехир ауданында "Üstün Plastik – Plastmore" компаниясы және «Еуразия бір» қоғамының басшысы Шабан Гюлбаһар мырза мен Ыстанбұлдағы алғашқы Қазақ Бас консулы, Қазақстан мәдениет және сауда орталығының басшысы Ержан Уәйіс арасында кездесу өтті.



Журналист және кәсіпкер Ш.Гюлбаһар мырза Эрзинджан облысының тумасы. Мектеп және жоғарғы оқу орнын Ыстанбұл қаласында тәмәмдады. «Хаят» журналында, кейіннен «Bizim Anadolu», «Hergün» және «Ortadoğu» газеттерінде мақалалар жазды. Түркі әлемінің зерттеу қоғамының құрушыларынан бірі болған Шабан мырза Түркі мемлекеттері арасындағы байланысты арттыру, Түрік дүниесінің тарихы мен әдебиеті, саясаты мен экономикасын зерттеу жобаларына қатысып, үлкен еңбек атқарды. «Yeşilay» журналының басқару кеңесінде қызмет атқарды. Қазіргі таңда да «Еуразия Бір» қоғамының басшысы ретінде Еуразия елдерінің, әсіресе Түркі әлемінің саясиахуалдарын зерттеп, маңызды мақалалар жариялауда.

Журналистік өмірінде көптеген саясаттшылар, академиктер, тарихшылармен сұхбат алып, ерекше материалдар дайындаған Ш.Гюлбаһар мырза осы күнде де «Еуразия бір» қоғамының шаңырағында Түркия саясатының ардагерлерін шақырып, жастардың алдында маңызды тақырыптарда конференциялар ұйымдастырады. Солардың ішінде ерекше айта кететіні Түркия Республикасының соңғы премьер-министрі, Түркі мемлекеттері халықаралық ұйымы Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Бинали Йылдырым мырзамен өткен кездесу. Саясатшы Б.Йылдырым сол кездесуде Түркі елдерінің бірлестігі туралы, осы жолда қызмет атқарып жатқан ТМҰ ұйымының маңыздылығы мен жұмыстарына тоқталып, жас ұрпаққа Түрік бірлігі жайлы үлкен ой тастады. Сол жиынға мені де Түркі әлемі достығының уәкілі ретінде арнайы шақырғаны үшін алғысымды айтамын. Сонымен қатар, Ш.Гюлбаһар мырза Түркия Республикасының ескі президенті Абдулла Гюль мырзамен де бірталай ғылым конференцияларға қатысқан болатын.

Өмірін Түркияға және Түркі мемлекеттерінің достығына арнаған Ш.Гюлбаһар мырза кәсіпкерлікпен де айналысып, оң нәтижелерге жетті. Оның құрған «Üstün Plastik – Plastmore» компаниясы Қалып Ішінде Таңбалау (IML) технологиясына негізделген тағамдық қаптама шешімдері саласында жаһандық деңгейде танылған көшбасшы болып табылады. Түркияда қызмет ететін бұл компания өнімді жоғары деңгейде қорғауды, сәрелік эстетиканы және тұрақты өнімділікті қамтамасыз ететін жоғары сапалы инжекциялық қалыптау арқылы жасалған пластик қаптамаларға маманданған. Бүгінде «Plastmore» алты құрлықта белсенді қызмет атқарып, 70-тен астам елге экспорт жүзеге асырады және әлемнің жетекші азық-түлік брендтері (сүт өнімдері, десерттер, дайын тағамдар және басқа да көптеген азық-түлік сегменттері) таңдаған, Түркиядағы ең сенімді пластик қаптама өндірушілерінің бірі болып табылады. Түркияның атақты фирмаларының бірі болып табылатын «Ülker» өнімдері үшін де пластик қорапшаларды Ш.Гюлбаһардың компаниясы әзірлейді.

Кездесу барысында Ш.Гюлбаһар мырза Е.Уәйіске кішігірім көрмесін көрсетті, ескі фото-сурет бұрышымен, кітапханасындағы "Еуразия бір" қоғамы тарапынан басылған Түркі әлемі үшін маңызы зор кітаптарымен таныстырды. Кейіннен "Plastmore" компаниясының өнімдерін де көрсетті. Сонымен қатар, Ш.Гюлбаһардың "Иерусалим" (Küdus) атты колледжі бар.

Осылайша, бизнесте, журналистикада және саяси-қоғамдық жұмыстарда үлкен еңбек атқарған 78 жасындағы Ш.Гюлбаһар мырза әлі де өз еліне, Түркі әлеміне деген азаматтық борышын өтемекте, осы бағыттағы қызметтерін жалғастыруда және де ең маңыздысы жастарға да үлгі болып келеді.

Кездесу соңында Дүниежүзі қазақтар қауымдастығының Түркиядағы өкілі Е.Уәйіс Түрік ақсақалдың иығына қазақ шапанын жауып, екі ел арасындағы байланыстарын арттыру жолында бірлікте жұмыс атқаратынын уәделесті. Кездесуде Ыстанбұлдағы қазақ кәсіпкерлері Омар Тәйжі мен Мұрат Темиз де қатысты.

Ер УБАЙДИН,
Қазақстан мәдениет және сауда орталығы
Ыстанбұл қаласы
Түркия

"ТҮРКСОЙ" БАС ХАТШЫСЫ СҰЛТАН РАЕВ ӘНДІЖАНДА

"ТҮРКСОЙ" Бас хатшысы Сұлтан Раевтың жетекшілігіндегі "ТҮРКСОЙ" делегациясы Өзбекстанға сапары аясында Әндіжан облысы әкімдігіне барып, Өзбекстан Республикасы Мәдениет министрі әрі "ТҮРКСОЙ"-дың 43-кезең үйлестірушісі Озодбек Назарбековпен және Әндіжан облысының әкімі Шухратбек Абдурахмоновпен кездесті.



Кездесу барысында 2026 жылғы «Түркі әлемінің мәдени астанасы» іс-шаралары аясында өткізілетін шаралардың жалпы тұжырымдамасы мен жүзеге асыру кестесі талқыланды. "ТҮРКСОЙ" тарапынан дәстүрлі түрде жүзеге асырылып келе жатқан жобалар ескеріле отырып дайындалған ортақ жұмыс бағытында Әндіжанды халықаралық деңгейде танытуға, өзбек халқының мәдениеті, өнері мен дәстүрлерін кеңінен насихаттауға, сондай-ақ түркі мемлекеттері арасындағы бірлік пен бауырластықты нығайтуға ерекше мән берілді.

Жиында сөз сөйлеген Сұлтан Раев: «Өзбекстан Республикасы Президенті Құрметті Шавкат Мирзиёевтің бастамасымен елде ауқымды реформалар жүзеге асырылуда. Соңғы жылдары көршілес және бауырлас елдермен достық қарым-қатынастар одан әрі нығайып, мәдениет пен өнерді дамытуға, мәдени мұраны сақтауға айрықша көңіл бөлінуде.

Президент ұсынған "Жаңа Өзбекстан" тұжырымдамасының әрбір елді мекенде, әрбір қалада нақты көрініс тауып отырғанын Әндіжан мысалынан анық байқаймыз. Өткен жылы Әндіжан облысында бой көтерген Бабыр қаласына барғанымызда жүргізілген құрылыс пен даму жұмыстарынан үлкен әсер алған едік.

Ғылымның, мәдениет пен әдебиеттің жанашыры Бабыр Мирзаның есімінің жаңа қалаға берілуі – аса мәнді шешім. Осы тұрғыдан алғанда, Әндіжанға "Түркі әлемінің мәдени астанасы" мәртебесінің берілуі орынды шешім деп есептейміз. 2026 жыл бойы ашылу және жабылу салтанаттарын қоса алғанда, барлық іс-шаралар Әндіжанның әлеуеті мен Өзбекстанның халықаралық беделіне сай жоғары деңгейде өтетініне сенім білдіреміз», – деді.

Өзбекстан Мәдениет министрі Озодбек Назарбеков өз сөзінде Әндіжан – 2026 Түркі әлемінің мәдени астанасы іс-шаралар жоспары аясында мәдени дипломатияны күшейту, түркі мемлекеттері арасындағы өзара сенім мен ынтымақтастықты нығайту және Әндіжанды жаһандық деңгейде таныту негізгі басымдықтар қатарында екенін атап өтті.

Әндіжан облысының әкімі Шухратбек Абдурахмонов қала халықаралық деңгейдегі беделді іс-шараларды өткізу бойынша мол тәжірибеге ие екенін айтып, жоспарланған барлық шараларды ең жоғары деңгейде ұйымдастыруға дайын екендерін мәлімдеді.

Жиыннан кейін Сұлтан Раев, Озодбек Назарбеков және Шухратбек Абдурахмонов бұқаралық ақпарат құралдарына сұхбат беріп, журналистердің сұрақтарына жауап қайтарды.

Ержан УӘЙІС,
"ТҮРКСОЙ" Бас хатшысының кеңесшісі



«АЙТАТЫН САҒАН СЫРЫМ БҰЛ...»

атты жыр дүлдүлі Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдығына арналған әдеби-сазды кеш көпшілікті баурады

Жақында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Журналистика және әлеуметтік ғылымдар жоғары мектебінде қауымдастырылған профессор Болатова Гүлжауһар Жамбылқызы жетекшілік ететін «Көзқарас» шығармашылық клубы қазақ поэзиясының сайыпқыраны Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдығына арналған «Айтатын саған сырым бұл...» атты әдеби-сазды кеш өткізді.

Іс-шараға журналистика және әлеуметтік ғылымдар жоғары мектебінің директоры Қуантаев Нұржан Қуантайұлы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Мырзабек Амангелді Кеңшілікұлы, ақын Дәурен Берікқажы, Халықаралық және республикалық мүшәйралардың жеңімпазы Ғабиден Қуанышбайұлы, сондай-ақ Баспасөз және баспа ісі кафедрасының меңгерушісі Шурентаев Амангелді Мейрамұлы мен ұстаз Рахима Шәріпқызы қатысты. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде академиялық ұтқырлықпен оқып жатқан бауырлас Қырғыз елінің студенттері: Алмазбек қызы Азиза мен Кеңешбек уулу Бектемир де шараға арнайы келіп, екі елдегі лирикалық поэзияны сабақтастырып, сөз сөйлеп, кешке өз үлестерін қосты.

Кештің ашылу сәтінде Мақан Сағи Мұқағалидың «Бүгін менің туған күнім» өлеңін оқып, ақиық ақынның туған күнімен жаршылады. Кеш барысында көрермендерге Мұқағали Мақатаевтың өмір жолын баяндайтын бейнеролик көрсетілді. Ақын шығармашылығына баса назар аударған «Көзқарас» ұйымының мүшелері Ақниет Ализах, Жаңыл Оңалбек, Алтынай Сейдахиметова, Еркежан Сансызбай, Фариза Өтесбай, Гауһар Барат қыран тағдырлы Мұқағалидың өлеңдерін оқыса, Айкен Сарсенбаева белгілі қаламгер, ақын, ғалым Нұржан Қуантайұлының «Мұқағалидың монологын» мәнерлеп жатқа орындап, Мақан Сағи мен Анел Жамбыл Мұқағалиға арнаған авторлық арнауларын нәшіне келтіріп оқып, көрермендерді ерекше әсерге бөледі.

Мұқағалидың өлеңдеріне бірнеше ән жазылғаны баршаға аян. Шығармашылық кеште ақынның «Несіне асығады» әнін Индира Сұлтанова, ал «Есіңе мені алғайсың» әнін Гүлжанат Уатхан жанды дауыста шырқады. Бұл кеште сондай-ақ «Көзқарастың» белсенді мүшесі Бек Марқаштың ұйытқы болуымен жоғары мектебіміздің талантты білім алушысы өзі де қатысатын университеттің «Дала сазы» оркестрі өнерпаз жастарының орындауындағы әсем күйлер де көпшіліктің жүректерін тербеді.

Мұқағалиға арналған кеште ақындар да қалыс қалған жоқ. Мұзбалақ ақынның жолын жалғаушы жас қанат ақындар мен қаламгерлер өз өлеңдерін поэзия сүйер қауымға арнайылап оқып беріп, шығармашылықтарын тағы бір мәрте паш етті.

«Осыдан бірнеше жыл бұрын іс-сапармен Мұқағалидың туған жері – қасиетті Қарасазға бардым. Ол жердің табиғаты да, адамдары да ерекше. Еңкейген қариядан еңбектеген балаға дейін біртуар ақиық ақын Мұқағалидың шығармашылығымен таныс. Ақынға деген құрметі ерекше. Қарасаздан қайтар кезде автобусымызды бір кісілер тоқтатты. Шықсақ, ұстаздар оқушыларын шүрегейдей сапқа тізіп, Мұқағалидың өлеңдерін кезек-кезек оқыта бастады. Қарасаздың кереметі де осында. Ақынның өлеңдерін білмейтін тұрғын жоқ. Оларда осындай дәстүр қалыптасқан», – дейді «Мұқағали монологы» шығармасының авторы, ақын, жазушы, Журналистика және әлеуметтік ғылымдар жоғары мектебінің директоры Нұржан Қуантайұлы.

Жүргізуші кеш соңында «Мұқағали – мәңгілік өмір!», – дей келе ақынның поэзиялық мұрасының мәңгілік жасампаз екендігін айрықша атап өтті. Кеш қатысушылары Мұқағалидың сырлы, әуенді, мұңды жырларына қанығып, ақынның өмір жолын, шығармашылығын жаңаша қырынан таныды. Сонымен қатар «Көзқарас» ұйымының жетекшісі білікті ұстаз, қауымдастырылған профессор Гүлжауһар Жамбылқызы кеш соңында келген қонақтардың әрбіріне алғысын айтып, сыйсияпатын ерекше ықыласпен табыстады.

Журналистика және әлеуметтік ғылымдар жоғары мектебінде ұйымдастырылған «Айтатын саған сырым бұл...» әдеби сазды кеші Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдығын еске алып, жас ұрпаққа қазақ поэзиясының құндылығы мен поэзиялық дәстүрін дәріптеудің тамаша үлгісі болды.

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ,
«Көзқарас» шығармашылық клубының мүшесі,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Журналистика және әлеуметтік ғылымдар жоғары мектебінің студенті

ТҮРКИЯДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕСТИВАЛЬ

Ыстанбұлдың таңғажайып төрінде Қазақ ағайындар көп қоныстанған Зейтинбурну ауданындағы «AK DENİZ» мәдениет сарайында «İstanbul Art Fest-2026» атты екінші халықаралық фестиваль өткізілді. Фестивальді Ыстанбұлдағы алғашқы Қазақ консулы, Дүниежүзі қазақтар қауымдастығының Түркиядағы өкілі, «ТҮРКСОЙ» Бас кеңесшісі Ержан Уәйіс, Түркиядағы «İsmilköy» қазақ қауымдастығының төрағасы Мехмет Әлім құттықтау сөз сөйлеп, салтанатты түрде ашты.

Өнер сайысына Қазақстан, Түркия, Әзербайжан, Грузия, Ресей елдерінен келген 300-ден астам өнерпаздар: 10-20 жас аралығында балалар мен жасөспірімдер вокал, аспапта ойнау, би, қолөнер номинациялары бойынша өз өнерлерін көрсетті.

Қатысушылар барлық елдерден келген әсіресе Қазақстанның Ақтөбе, Ақтау, Астана, Қызылорда, Петропавл қалаларынан, Әзербайжанның Баку, Ресейдің Ивановка қалаларынан келген талантты балаларының қойылымдары зор қошеметке ие болды.

Халықаралық дәрежедегі қазылар алқасы Қазақстаннан республикалық және халықаралық іс-шаралардың қоюшы-режиссері, өнер саласының үздігі Аслан Тілеуғалиев, Әзербайжан көркем гимнастика құрамасының хореографы, «Джанги» мемлекеттік ансамблінің балетмейстері, «A'one» би ұжымының жетекшісі Әбид Асланов, Грузия хореографтар одағының төрағасы, педагог және ансамбль жетекшісі Кахабер Маркоишвили, Ресей Федерациясының вокалистер Одағының мүшесі Жексенбай Нұрханым, хореограф-педагог, педагогика ғылымдарының магистрі, Аланья қаласының "Oba" Жастар орталығының хореографы Илмаз Меруерт әділ шешімдерін жүлдегерлерге анықтады.

Жарыста «Супер гран при» орнына лайық көрінген жеңімпаздар қатарында, қолөнерден Зинекен Жаннур («Kids time» оқу орталығы, Астана қ.), вокал – Аскаралиев Рамид (Ақтау қ.), би «соло» – Алиева Элис («Aquatic team», Әзербайжан, Баку қ.), домбыра – «IQ intellektual shcool» мектебінің ансамблі (Ақтау қ.), би «кіші топ» – "Асиман" ансамблі (Әзербайжан, Баку қ.), би «үлкен топ» – «SENSITIVE» Естімейтін бишілер театры (Петропавл қ.) бар. Қызылорда қаласы Гүлзат Ермекқызы жетекшілігіндегі «ART Студия САФИ» ұжымының оқушы-өнерпаздары Асылай, Әзелия, Іңкәр, Аяулым, Инаят, Айзере, Ақтоты есімді қыздарымыз жеңімпаз атанды.

Жүлделерді Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Е.Уәйіс, «Әділет және даму партиясы» Бақыркей ауданының басшысы, Ыстанбұлдағы мәдениет майталманы Бешір Ахмет Көсе, төраға Мәмед Әлім Ісмілкей табыстады.

Талантты балалар мен жасөспірімдерге арналған «ART FEST ASIA» жобасының жетекшісі Нұржамал Мұратқызы Мамутова жылы қабылдағаны үшін Түркия еліне және жиналған көрермендерге алғысын білдірді.

Фестивальдің келесі көрсетілімі Әзербайжанның Баку қаласында өткізілетін болады. Өнер иелеріне сәттілік тілейміз!

Ер УБАЙДИН,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері
Ыстанбұл